



Ескі жыл, есірке!



Қазауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады
СЕНБІ,
31 ЖЕЛТОҚСАН, 2022 жыл №146 (23 176)

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Жыл қорытындысы

Кенді өлке – көш басында

Үкімет еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын жариялады. Деректерге көз жүгіртсек, ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже баршылық. Орайы келгенде айтайық, республикадағы басты индустриалды аймақ қатарындағы Қарағанды облысының үлесі қомақты екені даусыз. Мәселен, өңдеуші өнеркәсіп өнімі экспортының 25 пайызы – көмірлі өлкеге тиесілі. Қарағанды көш бастап тұр.

Бүгін облыстың даму көрсеткішін айқындайтын барлық салалардағы мәліметтерді қысқа-нұсқа назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Өнеркәсіп


Қарағанды облысы – еліміздің басты индустриалды аймағы. Облыс экономикасының жартысы өнеркәсіпке тиесілі. Биыл бұл саладағы негізгі жұмыс өндірісті жаңғыртуға, өңдеуші сектордағы кәсіпорындарды қолдауға, инвестиция есебінен тың жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

11 айда өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі өңдеуші өнеркәсіптегі қарқынның 6 пайызға артуы есебінен өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,2 пайызға өсіп, 3,5 трлн. теңгені құрады. Өнеркәсіп өндірісінің 76 пайызы өңдеуші сектордың үлесіне келеді.

Негізгі капиталға инвестиция көлемі 11,2 пайызға өсті. Яғни, 595,2 млрд. теңге. Оның ішінде, 547,6 млрд. теңге инвестиция бизнестен тартылды.

Тоғыз ай қорытындысында өңдеуші өнеркәсіп өнімінің экспорт көлемі 4 млрд. АҚШ долларынан асты. 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,9 пайызға өсім бар.

→ 2, 3-беттерде



Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!

Сіздерді келе жатқан 2023 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Жаңа жыл – әр отбасыға жылы сыйлайтын, жаңа үміттер мен жетістіктердің символы болып табылатын отбасылық мереке.

Өтіп бара жатқан жыл жарқын оқиғаларға бай болды. Аймағымызда жаңа әлеуметтік нысандар, үйлер мен жолдар салынды. Өндіріс көлемі өсіп, жаңа жұмыс орындары құрылып, кәсіпорындар ашылды. Бұл жетістіктердің барлығында әрбір жерлесіміздің үлесі бар. Осы жылы біз қол жеткізген барлық жетістіктер жаңа жылда жарқын жеңістерімізге жол ашсын.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз! Барлықтарыңызға денсаулық, өркендеу мен амандық тілейміз! Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Серік ӨТЕШОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының хатшысы



Жыл тартуы

Саранда тіршілік бұрқ-сарқ қайнады



Бірнеше жыл бұрын үдере көшкен жұрт «Саранның күні батты» дегенді. Әсіресе, ел арасында «РТИ» атанып кеткен шағын аудан тұтас қанырап қалды. Тіпті, терезелері үйрейіп, үрейінді алар бұл үйлерді бұзу туралы да сөз шықты. Сол уақта кім білген, биыл билік пен бизнес бірігіп, «РТИ-дағы» үйлерді жөндеуге кірісті...

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Монокалаларды өркендету – бүгінгі ел билігі алдында тұрған ауқымды міндеттердің қатарынан. Ең тиімді тетік – инвестиция тарту. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті қоғам. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында да бұл мәселені Үкіметке мықтап тапсырды. Арнайы экономикалық аймақтардың мүмкіндіктерін барынша пайдалануды міндеттеді. Монокалалардағы жұмыссыздықты азайтуды, халықты баспанамен қамтамасыз етуді жүктеді. Міне, Саранның іргесінен Saran индустриялық аймағын құруда жергілікті халықтың әл-ауқатын көтеру көзделген еді.

Білесіздер, Саран – тау-кен саласына бейімделген мекен. Қаладағы елу мыңнан астам халықтың басым бөлігі – шахтер, металлург немесе өндірісте жұмысшы. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қарасты шахталар мен зауыт-фабрикаларда нәпақасын айырып жүр. Жаңа ашылған индустриялық аймақ кеншілер шаһарына тың тыныс бергені белгілі.

Индустриялық аймақ былтыр құрылды. Аумағы – 180 гектар. Қазір бұрынғы резина-техникалық бұйымдар зауытының аумағында бой көтерген QazTehna автобус жасау зауыты жұмыс істеп тұр. Жакында Kama Tyres KZ шина жасау зауыты алғашқы шинасын шығарды. Келесі жылы жазға салым толық қуатын еңсереді. Сондай-ақ, KazIsolation металл

бұйымдары зауыты, SilkRoadElectronics тұрмыстық техника зауыты, «Энергосистемы Elto» жарық бағандарын құю цехы, AsiaPromSteelLTD металлпрокат зауыты сынды өндіріс ошақтары орналасты.

Аталған кәсіпорындарға 6 мыңнан астам адам тартылады. Бұдан бөлек, аймақтағы кәсіпорындарға қызмет көрсететін шағын және орта бизнес нысандарында жүздеген адам жұмыспен қамтылуы тиіс. Мәселен, Artel техникасын шығаратын зауытта 1136 жан екі қолға бір күрек таппақ.

Күнкоріс бар жерде баспанаға сұраныс артатыны аян. «РТИ-дағы» 14 үйді қалпына келтіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазір бюджет қаржысына үш үй жөнделді. Ал, инвесторлар төрт үйдің сәнін кіргізіп қойды. Мемлекет жөндеген үйлер – кезектегі тұрғындарға. Ал, инвестор өзі жөндеген үйді жұмысшысына береді.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда әлеуметтік инфрақұрылымға күш салынуда. Әкімдік осындағы №7 мектепті жөндеуді қолға алды. Және келешекте балабақша мен спорт мектебін салу жоспарда тұр.

Иә, «құрдымға кетті» деген «РТИ-да» тіршілік қайнады...

Жылдың кішкентай жұлдызы

Бала «полицей»

Нұрасыл есімді бүлдіршін үшін де өткен барыс жылы табыс жылы болды. Үш жасынан бастап жол ережесін жатқа білген Нұрасыл теледидар арқылы бірнеше бағдарламаға түсіп, көптің көзайымына айналды. «Тіл-көз тасқа» дейік, бала полицей тақылдап тұр. Жол белгісінен бір жаңылмайды.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелгіде әкесінің қызметтік формасына қызыққан құлыншақ Youtube желісі арқылы жол белгілерін, ережелерін жаттай бастапты. Дүкенге барса, полицейдің көлігіне, алатаяғына, мылтығына жармасады екен. Баланың талабын байқаған ата-анасы патрульдік полиция киімін арнайы тіктіріп беріпті. Әкесі де құқық қорғау саласында. Нұрғазы Диканбаев бүгінгі күні облыстық полиция департаменті патрульдік полиция батальонының инспекторы, полиция аға лейтенанты болып жемісті қызмет етіп келеді.

Болғалы тұрған баланың белін буып, алдағы белесіне сенім артқан ата-ананың да қолдауы күшті болып тұр. Қазір Нұрасыл өзінің туған бауырына да жол ережелерін жаттатып, танымын тереңдетуде. Бағдарламаларға қоса ертіп барып жүр.

Күні кеше кішкентай жұлдызымыз



Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Марат Ахметжановтың қолынан диплом мен сыйлық алды. Министрлік биыл Балалар жылы аясында «Менің полицейім» жобасын ұйымдастырған екен. Аталған жобаның үздік қатысушысы болып табылған жас таланттың талабы таудай, енді.

«Қорғаны болып халқымның, жұлдызы болып жанамын», – дейді бала полицейдің өзі. Иә, кішкентай жұлдыз жарқырап-ақ тұр. Осындай өрендер өсіп, антына адал болып, абыройлы қызмет етеріне күмәніміз мүлде жоқ. Ақ жол, болашақ генерал!

СУРЕТТЕ: Нұрасыл НҰРҒАЗЫҰЛЫ інісімен



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ел аймақтары арасында экспорт бойынша бірінші орынға шығып, 25 пайызды еңсерді. Облыс өнімі 40-тан астам елге экспортталады. Бұлардың қатарында Ресей, Қытай, БАӘ, Ұлыбритания, Өзбекстан, Украина, Қырғызстан сияқты елдер көш бастады.

Шкізаттық емес экспорттың басым бөлігі металл және металл бұйымдарының, химия өнімдерінің, құрылыс материалдарының, машина жасау саласының енісінде. Металл прокаты, шақпақталған мыс, карбид полимері, стирол, жағар майлар, пластмасса құбырлар, фитингтер, резина ремнейдер, электр сымдары сынды өнімдерді ерекше атап өтуге болады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек

Сондай-ақ, Татарстанның Нижнекамск қаласында мамандар оқыту ісі жолға қойылды.

Индустриялық аймақта Yutong автобус жасау зауыты жұмыс істеп тұр. Бұл зауыт та шетелдік инвестиция есебінен салынған.

Келешекте тағы бірнеше ірі жобалар жоспарланып отыр. «Хуагун» компаниясы 2025 жылы қытайлық инвестормен бірге кабель өнімдерін шығаруды қолға алады. Жоба құны – 13,7 млрд. теңге. 258 адам жұмысқа алынады.

шақталған жұмыс толық атқарылды. Алдағы уақытта тағы қаражат беру жоспарда. Былтыр магистральдің 8, биыл 6 шақырымы төселді. 4 сорғы стансасының 3 стансасы салынып бітті. Қаражат уақытылы бөлінсе, жергілікті билік өкілдері 1 жарым жыл ішінде жобаның сәтті аяқталарына сенімді.

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ

Қарағанды секілді түгін тартса, майы шығатын өндірісті өңірдің ауыл шаруашылығы да өзгелерден

жаратқаннан ғана сұрап отыратын заман өткен. Инвестиция құйып, жердің иіне, суды көктен ғана сұрамауға үйретті уақыт. Тың жобалар арқылы ауыл шаруашылықтарын дамыту – осы күні басты мақсат. Биыл сондай уақыттан астам жоба іске қосылды. 400-ден астам адам жұмыспен қамтылды. Осылайша өндірілетін өнім көлемі де өсті.

Статистикалық деректер облыста 11 айда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 102 пайыз екенін мәлімдейді. Бұл – 438,2 млрд. теңге. Мал шаруашылығы өнімі өндірісі 1,3 пайызға, өсімдік шаруашылығы 2,6 пайызға өскен.

Мал басының артуы да өнім алуға ықпалы зор. Мәселен, он бір айдағы көрсеткіш ірі қараның 4,8 пайызға, жылқының 10,4 пайызға, қойдың 4,1 пайызға, ешкінің 2,1 пайызға, құстың 10,8 пайызға өскенін көрсетті. Сөйтіп, ет өндірісі де жоспардан аса орындалды.

ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс жұмыстарының көлемі 275 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты. Иә, көзқаракты жаңа анағұрлым кемдік байқалғанмен, бұл 2021 жылы жолдар мен газ тарату желілерін салу жөніндегі жобаларды іске асырумен тікелей байланысты. Бұған соңғы уақытта күрт шарықтап кеткен нарық бағамын қосыңыз. Құрылыс материалдарының мұншалық қымбаттауына қатысты жобалау сметалық құжаттаманы түзету қажеттілігіне байланысты мемлекеттік және жеке қаражат есебінен инвестициялар көлемін азайтуға тура келген. Қаржыны игеру мәселесінің өзектілігі күн тәртібіне шыққан соң, құрылысқа межелеген қаражаттың едәуір бөлігі өзге салаларға бағытталды. Өйткенмен, қарқын бәсеңдемейді. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 487 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – 9,5 пайыздық өсім. Мұнымен қатар, әлеуметтік маңызы бар нысандар тізімі бар. Негізгілеріне тоқталып өтсек. Қарағанды қаласында 200 орындық балалар ауруханасы, облыстық онкологиялық диспансердің операциялық-реанимациялық бөлігі, позитронды-эмиссиялық компьютерлік томография ғимараты, хайуанаттар бағына арналған жана ғимарат, «Qaz Carbon» өндіріс аймағына электрмен жабдықтау желісі құрылысы аяқталуға жақын. Ұзын ырғасы 70-ке тарта нысан «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Нұрлы жер», «Нұрлы жол» секілді мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жүзеге асуда.

Ессесіне құрылыс индустриясы бес пайызға жақындады. Облыс аумағында 200-ден астам құрылыс материалдарын өндіруші кәсіпорын жұмыс істейді. Цемент, темірбетон металлостік бұйымдары, рақоналар, радиаторлар, сортты прокат металл және пластик құбырлар, кірпіштер, табиғи құмдар, қиыршық тас, құрғақ құрылыс қоспалары си-

қаражаттың 74%-ын құрайды. 19%-ы кредиттерге кепілдік беруге және 7%-ы бизнес-жобаларды гранттық қаржыландыруға тиесілі. Ағымдағы жылдың 11 айында жалпы сомасы 32 млрд. теңгеге 4 мыңнан астам бизнес жобасы қаржыландырылды. 2 715 жобаға, оның ішінде 24,5 млрд. теңге кредит сомасына 715 жаңа жобаға субсидиялар берілді. 6,7 млрд. теңге сомасына 685 бизнес жобасының кепілдіктерімен қамтамасыз етілді. 809 млн. теңге сомасына 663 өтеусіз грант берілді. Барлық гранттардың орташа түбіртегі 1,2 млн. теңгеден асады. Облыстың барлық өңірлері осы қолдау құралдарымен қамтылған. Жалпы, бизнестің іскерлік белсенділігі артып келеді. Жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтадық. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 12,2%-ға өсіп, 90 мың бірлікке жетті. Көрсеткіштің өсуі облыстың барлық өңірлерінде байқалады. Бизнес өнімін шығару 17,9%-ға ұлғайды және бірінші жартыжылдықтың өзінде ғана орта есеппен 1 трлн. теңгені құрады.

Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 6%-ға өсті. Осы секторда 222,4 мың адам жұмыс істейді. Бұл облыстың барлық жұмыспен қамтылған халқының 42%-ы. Жұмыспен қамтылғандар саны бойынша Қарағанды облысы республика бойынша төртінші орында тұрғанын атап өткен абзал. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асырудың әсері орасан. Осы жылдың 10 айында облыста 9,6 мың жаңа бірегей компания құрылып, 28,5 мыңға жуық адам жұмысқа орналастырылды. Мұның бәрі кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясындағы қаржылық қолдауға қатыстысы ғана...

ЭКОЛОГИЯ

Өндірісті өңірдің экологиялық ахуалын жақсарту – Мемлекет басшысының назарындағы маңызды мәселе. Ағымдағы жылдың 16 қарашында Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешевпен Теміртау шаһарындағы кездесу барысында «Арселор Миттал Теміртау» компаниясына қатысты экология заңнамасын орындауға уәкілетті орган экологиялық рұқсат алу үшін сотқа материалдар жіберілгені аян. Бұдан бөлек, салалық министрлік 2023 жылға арналған жобалық материалдары экологиялық рұқсат алу үшін жіті қарастыру үстінде.

Зиянды шығарындарды едәуір азайту мақсатында алға тартқан дәйектер сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган экологиялық рұқсат беруден бас тартпайды. Еске салу үшін, облыстағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында 2025 жылға дейін «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Kazakhmys Smelting» ЖШС және «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС өнеркәсіптік кәсіпорындары бойынша зиянды шығарындарды 215,35 мың тоннаға дейін

өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік қуаттарды орнықты дамыту жөніндегі ірі жобаларды іске асыруға инвестиция салуды мақсат етті. Сондай-ақ, «Күзембаев» пен «Қазақстан» шахталарында өнімділікті арттыруға және еңбек қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған «Тау-кен жұмысшыларын ынталандыру» жобасы іске асырылуда. Бұл жобаны Көмір департаментінің қалған кен ошақтарына да енгізу көзделді. Зейнеткерлік жасты төмендету, регрессиялық төлемдер мәселелері бойынша Үкіметтік комиссияның жұмысы жалғасуда.

Су – тіршілік көзі. Өткен жылы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі «Балқаш көлін сақтау жөніндегі арнайы жоспарды» бекіткен-ді. Онда 26 іс-шараны іске асыру тапсырылған. «Балқаш көлінің суы тартылып жатыр» деген алаңға толы жазбалар әлеуметтік желінің бетін жаулап алып еді жазда. Түрлі деңгейдегі экобелсенділер де халықаралық деңгейде үн қатқан болатын. Осыған орай, көл аймағының экожүйесін кешенді зерделеу мақсатында 2023-2024 жылдарға жергілікті бюджет есебінен «Экожүйені қалпына келтіру ұсыныстарын әзірлей отырып, Бергіс шығанағы ауданындағы экологиялық жағдайды зерттеу» жоспарлануда. Сараптау жұмыстары шеңберінде Шашубай кентінен Приозерск қаласына дейінгі жағалаулар зерттелетін болады.

Биыл Сәтбаев каналы арқылы су беру бойынша қызмет көрсетуге 51 шарт жасалды. Арна гидротехникалық құрылыстарды, гидромеханикалық, энергетикалық және сорғы-қуат жабдықтарын уақтылы жөндеу жұмыстарының арқасында 55 жыл бойы жемісті пайдаланылуда.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, облыста был алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін 3 мекеме ашылды. Қарағанды қаласындағы №15 емхананың филиалы, Теміртаудағы жана емхананың филиалы мен сол жақтағы №3 қалалық орталық емхана келушілерді қабылдауға дайын.


Ал, келер жылы ауылдық елді мекендерде 6 фельдшерлік-акушерлік пункт ашылмақ. Олардың құрылысына «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы арқылы республикалық бюджеттен 862 млн. теңге бөлінген. Жана жылда жалпы саны 42 медициналық нысан салу жоспары бар.

Жаңа медициналық мекемелердің құрылысы, олардың заманға сай жабдықталуы, сәйкесінше сапалы көмек көрсету қаржыландыруға келіп тірелетіні айтпаса да түсінікті. Бұл ретте міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың орны бөлек. Жыл саны сақтандырылған азаматтардан түсетін аударымдар артауда. Мәселен, медициналық сақтандыру қорына биыл облыс тұрғындарынан 45,8 млрд. теңге аударылған. Оның жартысынан көбі жұмыс берушілерден. Жалпы қор жұмыс істей бастаған 2017 жылдан бері біздің аймақтан 118,5 млрд. теңге аударылғаны да айта кеткен жөн.

Медициналық қызметтерді қаржыландыру өскен сайын қарапайым халық көретін көмек аясы да ұлғайды. Медициналық-профилактикалық тексерулер 2 есе, консультациялық-диагностикалық қызметтер 1,5 есе, стационарлық көмек 1,2 есе, жоғары технологиялық қызметтер 2,2 есе, оңалту 1,5 есе артқан. Облыстың 109 медициналық мекемесі аталған қызметтердің барлығын жыл бойы көрсетті. Быылға жоспарланған қаржыландыру мөлшері – 144,8 млрд. теңге болса, оның 82,4 млрд. теңгесі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне, 62,4 млрд. теңгесі МӘМС пакетіне бөлінген. 2 млрд. теңге онкологиялық науқастарға медициналық көмек көрсетуге, 4 млрд. теңгеден астам қаражат алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге бөлінгенін де айта кеткен орынды.

Желтоқсан айының басындағы мәліметке сүйенсек, облыстың 1 миллионға жуық тұрғыны «сақтандырылған» мәртебесіне ие. Нақтырақ айтсақ, 948 077 адам «сақтандырылған» болса, 186 174 адам жүйеден тыс қалып отыр. Сақтандырылғандардың дені өмірінде МӘМС жүіесіне аударым жасамағандар. Одан кейін жалданбалы қызметкерлер. Тұрақты төлем жасалма, адам мәртебесінен айрылады. Мәртебеге қайта не болуы үшін барлық қарызын жабуы қажет

Кенді өлке – көш басында



өнімділігі бір адамға 15,8 мың долларды көрсетті. Өткен жылдың 9 айымен салыстырғанда 3,7 пайыз өсім тіркелді.

Жалпы алғанда, өңдеуші өнеркәсіптегі өсім 6 пайызды немесе 2,6 трлн. теңгені құрады. 11 айдың қорытындысында түсті металлургия – 25,1 пайызға, машина жасау – 31,9 пайызға, өзге де металл емес өнімдер – 3,3 пайызға, жеңіл өнеркәсіп – 2,4 пайызға, резина және пластмасса бұйымдар өндірісі – 49,9 пайызға, химия өнеркәсібі 4,5 пайызға өсті.

Машина жасау саласы кез келген индустриалды аймақ экономикасының маңызды бөлігі саналады және өнеркәсіп дамуының технологиялық деңгейін көрсетеді. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді және өзге де салаларды дамыту арқылы тұрғындарды жұмыспен қамту көрсеткішін көтереді. Облыстағы өңдеу өнеркәсібінің 6,1 пайызы аталған салаға тиесілі. Қарағанды облысы тау-кен-металлургия саласына мамандануына байланысты тау-кен-шахта қызметіндегі жабдықтар жасау бағыты айтарлықтай дамыған.

Облыста 106 машина жасау кәсіпорны жұмыс істейді. 11 айда 163 млрд. теңгені өнімін өндірі. Өсім – 31,9 пайыз.

Кәсіпорындардың жартысы машина мен жабдық жөндеу секторына маманданған. Бұлардың қатарында Kazakhmys Maintenance Service, БоруанМашина Казахстан, Құрылысмет, Мэйкер сынды алып кәсіпорындар бар.

22,4 пайызы – Каргорамаш-М, Инкар-1, Бемер Арматаура, Мэйкер кәсіпорындары тау-кен өндірісі, карьерлер мен құрылыс техникасының бөлшектерін жасайды.

15,2 пайызы негізінен электр жабдықтарын, сымдар мен кабельдерді өндіреді. Бұлардың қатарында Казцентрэлектротропровод, Казахмыс СМэлтинг сияқты компанияларды атап өтеміз.

Сонымен қатар, өңірдегі кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа жобалар, жаңғырту жұмыстары көптеп қолға алынууда. 2010 жылдан бері Индустрияландыру картасы шеңберінде 64 млрд. теңгеге 14 жоба іске қосылды. 1100-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Шарлы қрандар, көтеру-тасымалдау жабдықтары, жарықдиодты шамдар, ауа фильтрлері сияқты жаңа өнім түрлері пайда болды.

Елімізде алғаш рет шина зауытының құрылысы қолға алынды. Саран индустриялық аймағында орналасқан бұл зауытқа 171 млрд. теңге инвестиция тартылды. Мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Зауыт толық қуатына шыққанда ішкі нарықты шинамен қамтиды және экспортқа жөнелтіледі.

Зауытты сапалы кадрмен қамтамасыз ету мақсатында Саран гуманитарлы-техникалық колледжінде жаңа техникалық мамандықтар ашылды.

2024 жылдан бастап HOWO жүк көлігі де индустриялық аймақта құрастырылады. 3 млрд. теңге инвестиция құйылатын зауытта жылына 1200 арнайы техника шығарылады. 180 адам жұмыспен қамтылады. Бұл өндіріс ошақтары, тек, монокалыны ғана емес, облыстың да әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін бермек.

ЭНЕРГЕТИКА

Ең алдымен, энергетикада елді елестеткені – газ. Оның Арқа жеріне жеткені жалпыға белгілі. Ендігісі үйді-үйге жету. Биыл осы газар жобасына пара-пар газ магистралінің игілігі бұқараға бұйыра бастады. Санаулы уақыта Сыр жерінен Арқаға дейін төселген газ құбырынан көгілдір отынның көпшіліктің үйіне тікелей тартылуы біршама қарқын алды. Атап айтқанда, Барыс жылы Қарағанды және Теміртау қаласының 2 мыңға жуық үйі газға қосылып, бейнеттен құтылды.

2022 жылдың соңына дейінгі жоспар – төрт мың үй. Бүгінде осы 4 мың үй орталық газға қосылу мүмкіндігі бар. Келесі жылы Шахтинск, Саран, Осакаров және Абай аудандарында газбен жабдықтау желілерінің құрылысы басталады деп күтілуде.

Жалпы, Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай қалаларымен қатар, 120 елді мекенге газ беретін магистральдің құрылысы аймақтағы ірі жобалардың бірі екені мәлім. Жоба арқылы 29 528 тұрғын үй табиғи газға қосылады.

Сонымен қатар, облыста тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі қатаң бақылауда. Мәселен, 2025 жылға дейін бұл қызметті тұрғындардың 100% алуы тиіс. Қазір орталықтандырылған сумен жабдықтауға қала халқының 98,2%-ы және ауыл тұрғындарының 91,4%-ы қол жеткізген.

Айталық, облыс халқын сапалы ауыз сумен және су бұрумен тұрақты қамтамасыз ету мақсатында биыл «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасымен 27 жобаны іске асыруға 13 132 740 мың теңге бөлінді. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда бюджеттік инвестициялар көлемінің 15,9 пайызға ұлғайғанын көрсетеді. Осы бөлінген қаражатқа 234 шақырымнан астам су құбыры мен көріз желілерін салу, реконструкциялау жоспарланған екен. Оның 104 шақырымы қалаларға, 129 шақырымнан астамы ауылдарға тиесілі. Су құбырының жаңғыруы жұртшылықты сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жылудан ташылық көрмеу үшін де жобалар қолға алынды. Мысалы, 3-ші жылы электр орталығынан тұрғын үй құрылысы қаулап бара жатқан Оңтүстік-Шығысқа жылы жеткізу үшін жылу магистралі салынууда. Орталықтан тартылатын жылу трассасының ұзындығы – 22 шақырым. Жобаға 22, 7 млрд.теңге бөлінген. Бүгінде аталған қаржыға

көш соңында қалып көрген жок. Индустриалды Қарағандының аграрлы Қарағандыға айналдыру идеясы көп жылдан бері айтылып та келеді. Аумағы басқа облыстармен салыстырғанда біршама көлемді Қарағанды аймағының ауыл шаруашылық саласында соңғы жылдары жағымды жаңалықтары жоқ емес.

Мәселен, биыл облыста жалпы өнімін өндіру көлемі 17,6%-ға өскен екен. Соның ішінде, аймақ жұмыртқа өндірісінде ел бойынша үздік үштікті тұйықтап тұр. Оған қоса, ел ішінде «екінші нан» аталған картоп өсіруде озық.

Биылғы ауа райының қолайсыздығы да дикандаларға дән жинауда келері бола алмапты. Құзырлы орындар, ауыл шаруашылығы басқармасы дөңді дақылдардан жақсы өнім жиналғанын айтады.

Дәлірек айтсақ, 886 мың тоннадан астам жоғары сапалы астық бастырылған. Жиналған картоп – 292 мың тоннадан артық. Бұдан бөлек, 58 мың тонна басқа да көкөніс алынды. Экономиканың бұл бағытында еңбектің өнбектігі техникаға да тікелей байланысты. Осы күні шаруашылықтар техникаларын жаңартуға да жіті назарда. Оған мүмкіндік бар. Айталық, биыл 800-ден астам ауыл шаруашылық техникасы сатып алыныпты.

Облыста 11 айда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 102 пайыз екенін мәлімдейді. Бұл – 438,2 млрд. теңге

Мал шаруашылығы өнімі өндірісі 1,3 пайызға өскен

Өсімдік шаруашылығы 2,6 пайызға өскен.

Әлбетте, ауыл шаруашылығы дегенде, баяғыша қарадүрсін шаруашылық жүргізуді техникасы мен технологиясы күрт дамыған 21 ғасыр көтермейді. Дүниенің бәрі ақылды технологияға жүгініп, цифрлық техниканың тілін менгеріп жатқанда, аса таяғына сүйенген ежелгі қалыптасу ертеңі жоқ. Сондықтан да, шаруашылықтарда жерге дөңді сіңіріп қойып, оның шығамын күн мен бір

яқты тауарлық өлшемдер бойынша өндірістік бірлестіктер аз емес. Ағымдағы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша сала өндірісінің көлемі 167 млрд. теңгені құрады.

КӘСІПКЕРЛІК

Жалпы ұлттық жоба аясында бизнесті қаржыландыруға биыл 14 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде субсидиялау құралы барлық бөлінген

қысқарту жоспарлануда.

Айтпақшы, осыдан келіп өнеркәсіптік кәсіпорындарда қауіпсіз еңбек жағдайларын қамту қылаңытады. Жалпы, ірі кәсіпорындарды жаңғырту өндірістері азаматтарды барынша азайта отырып, автоматты интеграцияланған жүйені кезең-кезеңмен құруға бағытталғаны абзал. Өз тарапынан «АрселорМиттал Теміртау» қоршаған ортаны қорғау,

еді. Биылдан бастап қарызы барларға жаңа мүмкіндік берді. Олар алдағы жылға толық аударым жасаса, оның бұрынғы қарыздары «кешіріліп», «сақтандырылған» мәртебесіне ие болады. Соңғы дерек бойынша бұл әдісті облыстың 500 тұрғыны пайдаланыпты.

БІЛІМ БЕРУ

Бүгінгі бала – ұлттың болашағы. Оларға тәрбие мен білім беру ісі мемлекет үшін өзекті мәселе бола береді. Себебі, білім – ұлттың ұстыны. Биыл балаларды балабақшамен қамту үлесі айтарлықтай ұлғайды. 47 мектеп жаңартылып, апатты мектептерге жаңасы салынуда. Ал, колледждер сапалы маман даярлауға күш салуда.

Білімнің алғашқы баспалдағы – балабақшадан басталады. Бүгінде облыста 523 мектепке дейінгі ұйымда 44 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Биыл балаларды балабақшамен қамту 79,5%-ға жетті. 2 мыңға жуық жаңа орын ашылды. Келесі жылы 840 жаңа орын ашылады деп жоспарланған.

Ерекше балалар қоғамнан тыс қала алмайды. Бүгінгі таңда олардың балабақшада тәрбиеленуіне жағдай жасалуда. Теміртау, Балқаш, Шахтинск қалаларындағы 9 балабақшада 14 инклюзивті топ ашылды.

2023 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдарда 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды балабақшамен қамту 82,6%-ға дейін өседі.

жоспарда бар, оның 10-ы «Жайлы мектеп» жобасы аясында жүзеге асырылады. Ал, екі мектеп облыстық бюджеттен салынады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне ойыссақ, облыстағы 55 колледжде 31 мыңнан астам студент білім алуға. Осы жылы Президенттің бастамасымен техникалық және кәсіптік білім беруге көңіл бөлініп, гранттар саны ұлғайды. Биыл 7653 талапкер грантпен оқуға түскен. 2023 жылы өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары 9413 маман даярлап шығарады.

Аймақтың білім беру саласы жыл ішінде ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс атқарды. Саналы тәрбие, сапалы білім беру ісі, балабақша, мектептер мен колледждерге жағдай жасау жылдан-жылға жалғаса бермек.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

2023 жылы экономикалық белсенді халық саны – 570,9 мың адам болмақ. Яғни, жұмыспен қамтылған халық саны 17,4 мың адамға азайып, 545,4 мың адамды құрайды (2022 жылы – 562,8 мың адам); оның ішінде жалдамалы қызметкерлер – 7,1 мың адамға, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 10,3 мың адамға азайып, 62,7 мың адамды құрайды. Жұмыссыз халықтың деңгейі 4,7% деңгейінде деп болжанады.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында қойылған

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Кенді аймақтың жастары сенімге селкеу түсірмей, жауапкершілікті сезініп өсіп келе ме? Сол жастарды жетектеп, дұрыс бағыт бағдар беруде қандай іс-шаралар атқарылуда? Үміт еткен көздің нұры жасампаз жастарға қандай қолдау көрсетілгендігі туралы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың жыл ішіндегі жұмысын тілге тиек етсек.

Аймақтағы жалпы халық санының 18,5%-ын жастар құрайды. Оның ішінде ауылға қарағанда қала жастарының үлес салмағы басым.

Жастарға дем беретін жобалар көп. Олар жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мақсатында іске асырылуда. Осы орайда, 2021 жылы бастау алған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде биылғы жылы жастар арасынан жеті мың адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Сәйкесінше, 12380 адам жұмысқа орналасты. «Жастар практикасы» жобасымен 1036 жас жұмыспен қамтылды.

«Жасыл ел» бағдарламасы арқылы жастардың бос уақытын тиімді пайдаланудың да мүмкіндігі зор. Олар жастар арасында бастап, аталмыш бағдарламаның шарапаты ауыл жастарына да тиді. Еңбек маусымында 1715 жас жұмысқа орналасты. Биылғы жылы бағдарламаны орындауда жергілікті бюджеттен 289 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді. Бағдарламаға қатысқан жастар 60-



балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етуде кешенді жоспар жүзеге асуда. Кезекті 6049 адам тұр. 2020-2022 жылдар аралығында өңірлерде барлығы 419 пәтер беру жоспарланса, бүгінгі таңда 462 пәтер бөлінген.

Биылғы жылы жас мамандарға арналған аймақтық ипотекалық бағдарлама пилоттық жоба ретінде іске асты. Облыстық бюджеттен 1 млрд.тенге, «Отбасы банкі» арқылы 500 млн. теңге қаражат бөлінді. Жылдық үстемасы мөлшерлемесі 5%-бен 20 млн. теңгеге дейін несие алады. Биылғы жылы 75 жас алты санат бойынша баспаналы болды.

Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етудің тағы бір шарасы – студенттік жатақханаларды салу және қайта құру. 2025 жылға дейін облыс бойынша 1482 төсек-орынға арналған 8 жатақхана пайдалануға берілмек.

МӘДЕНИЕТ

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы қарағандығы нысандарының мемлекеттік желісіне шамамен 600-ден астам мәдениет, өнер және архив мекемелері жатады. Ресми дерекке сүйенсек, биыл бірқатар мәдениет нысанына жөндеу жүргізілген. Облыста 10-нан астам мұражай және бірнеше филиал жұмыс істейді. 2022 жылы облыс музейлерінде сакталатын экспонаттардың жалпы саны 300 мыңнан асып жығылса, оның ішінде, негізгі қор – 200 мыңнан асады. Тарихи-мәдени мұраны сақтауды, есепке алуды, жинақтауды және зерделеуді қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша облыс музейлерінде жинақтау және ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Облыстың мемлекеттік кітапханалар жүйесінде 300-ге жуық (аудандық, қалалық, бірнеше облыстық) кітапхана бар. Кітап қоры – шамамен 5 млн. дана.

Кітапханалар түрлі әдеби-сазды кештерді ұйымдастырып, елді кітап оқуға баулып келеді. М.Әуезов атындағы Қарағанды қалалық кітапхана алдынан заңғар жазушы М.Әуезовтің бюсті және кітапханадан жазушы атындағы «Әуезов залы» ашылды. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының және Н.Гоголь атындағы әмбебап ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен дәстүрлі республикалық Қасым оқулары, А.Сейдімбектің 80 жылдығына орай жас қаламгерлер арасында республикалық байқау өтті.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының жетекшісі Жанат Жанқашұлының бастамасымен орталық демалыс саябағында сериялы поэзия кештері, бірнеше өнер түрін қамтыған өнер жәрмеңкесі, жас ақындардың поэтикалық дуэлі және сауда үйлерінде лирикалық сағаттар және басқа да көптеген іс-шара ұйымдастырылды. Биыл қарағандылық 8 ақын Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды.

Кешілер мәдениет сарайында ғана бірнеше өнер ұжымы бар. Жуырда аталған мәдениет сарайы 70 жылдық мерейтойын атап өтті.

Қарағандыдағы Жұлдыздар ал-

леясында Сыдық Мұхамеджановтың жұлдыз белгісі ашылды.

КСРО және ҚазКСР-нің Халық әртісі Шолпан Жандарбекованың 100 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтілді. Алматы қаласы, Бостандық ауданындағы бір көшеге және туған жері Қарқаралы қаласындағы аудандық мәдениет үйіне актрисаның есімі берілді. Республикалық театрлар фестивалі өтті. Тарихшы Ерғазы Қашапулының құрастыруымен «Шолпан-Жұлдыз» кітабы жарыққа шықты. 60 минуттық деректі фильм түсірілді.

Республикалық «Ақберен» шығармашылық байқауында «Шешендік өнер» номинациясында Қарағанды қаласы Абай атындағы мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Еркежан Қаныш II орынға ие болды.

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Бірқатар театр қызметкері түрлі марапатқа ие болды. Облыс әкімдігінің қолдауымен театрдың 18 қызметкеріне пәтер кілті табысталды. 90 жылдық мерейтой аясында театр түні және бірқатар премьеры жұрт назарына ұсынылды. Тарихи альбом-кітап жарыққа шықты. Театр ұжымы мен көркемдік жетекшісі Айдын Абзалбекұлы бірнеше рет үздік атанды. Театр актері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов Түркияда өткен халықаралық кинофестивальде «Үздік ер адам бейнесі» аталымын және Ж.Тәшенов атындағы жүлденің Бас бөйгесін иеленді. Театрға су жаңа автобус кілті табысталды. Театр жанынан балаларға арналған қуыршақ театры ашылып, «Ойыншықтар оянда» атты алғашқы қойылымы сахналанды.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі де 90 жылдығын атап өтті. Мерейлі датаға орай музей түні, түрлі көрмелер, акциялар өткізілді. «Мәдениеті жоғары елдің мәртебесі биік» демекші, алдағы 2023 жылға да бірқатар маңызды дүниелер жоспарланып отыр.

СПОРТ

Бұқаралық спортқа келгенде, Қарағандының желаяқтарынан бастап, велошабандоздары ауызға ілігеді. Шыны керек, кейінгі жылдары салауатты өмір салтына ден қойған жерлестердің қатары мол. Дене шынықтыру және спорт басқармасының дерегіне, бүгінде аймақтың 38 пайызы спортпен шұғылданады екен. Бұл дегеніңіз – 431 мыңға жуық адам. Қоян жылындағы бұл меже – 42 пайыз деп жоспарланыпты. Алғашыртар да жоқ емес. Облыстың әр аудан ауыл, қалаларында спорт кешендердің саны жылдан-жылға өсе түсуі бұқараның бетін дене шынықтыруға бұратын бірден-бір себеп. Бұл өз кезегінде, бұқаралық спорттың дамуына сен.

Республика күніне орайластырылған «Atmanğa jol – 2022» жартылай марафоны елдің әр түпкірінен желмен жарысып жүрген желаяқтарды жинады.

Марафонға барлығы 3 600 адам тіркеліп, 3000 адам сол марафонда жүгірді. Оның бәрі бірдей кәнігі спортшы емес екені анық. Басым бөлігі қарапайым халық. Оның ең үлкенінің жасы 80-нен асса, ең кішісі 8 жаста.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының дерегіне сүйенсек, бұқаралық спорт саласында 11096 дене шынықтыру және спорт ұйымдары жұмыс істейді. Бұл орайда бұқаралық спортты дамытуда спорт нұсқаушыларының зор үлесін де жоққа шығаруға болмайды. Бүгінгі таңда облыс бойынша 416 спорт нұсқаушысы бар көрінеді. Оның 200-і ауылдық жерде спорттың дамуына ықпал етіп отыр.

Қарағанды аймағы 1000 адамға шаққанда спорттық инфрақұрылыммен орташа қамтуда алдыңғы қатарда. Бүгінде пайыздық үлеске шаққан-

да, 64,8 пайыз шамасында. Қоян жылы бұл көрсеткішті – 65,2 пайызға жеткізу көзделуде.

«Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдерлі спорт секцияларына тарту мақсатында мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы қаржыландыру іске асырылуда. Спорттың 26 түрінен 173 спорт секциясы ашылды, онда 8 961 бала тегін жаттығады», – деп мәлімдейді басқарма.

Айталық, облыста осы күні 2782 спорттық ұйым бар. Оның 980-і ауылда. Биыл қала және аудандарда 85 ашық спорт алаңы орнатылды. Жасанды жабыны бар 72 спорт алаңы, көпбейінді 8 хоккей қорты, 5 стрит-воркаут алаңы топтастырылған.

Десек те, спорт нысандарының құрылысы мұнымен шектелмейді. Осы жылы біраз қала, аудандарда іргелі спорт кешендері ел игілігіне пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Шахтинск қаласында бассейні бар 160 орынды дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды. Балқаш қаласының Қоңырат шағын ауданында бой көтерген спорт кешені де биылдың еншісінде. Нұра кентіндегі жабық хоккей кортының қызығын балалар да, үлкендер де көріп отыр. Қарағандыдағы футбол манежінің құрылысы да ауыз толтырып айтарлықтай жаңалық.

Бұдан бөлек, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Нұра ауданының Шахтер ауылында жабық хоккей кортының салынып бітіп, мәртеге жетуі ең ықыласын иеленді. Кеше ғана елді қуанышқа бөлеген Егіндібұлақ ауылында 100 орынды дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің де халыққа қызмет етері хақ. Сонымен қатар, Ақтоғай ауылының стадионын қайта жаңғырту да, Молодежный кентіндегі БЖСМ күрделі жөндеу де осы бағдарлама арқылы іске асып жатыр. Алдағы қоян жылында да спорттық нысандар қатары толығымен түседі деп күтілуде.

Сөз басында Қарағанды облысы үшін биылғы жыл жүзде жауған жыл деп едік. Сөзімізге сараптама дәлел-дәйек те жоқ емес. Осы жылы спортшыларымыздың қоржына салған медаль саны – 12 185. Оның 3 941-і алтын болса, жүзде жауды дейтіндей-ақ. Спортшылар 365 күнде 942 түрлі деңгейдегі республикалық және халықаралық турнирлерге қатысып, бабы мен бағын сынап көрген еді.

Америкада өткен Дүниежүзілік ойындарда, бірінші әлем чемпионатында спорттық акробатикадағы дуэт Диль-Шулар жүлдегер атанды. Қарағанды облысының тарихында Виктор Степановтың есуден әлем чемпионатынан күміс жүлде жеңіп алуы тұңғыш рет. Батут гимнастикасында Әлем кубогын олжалап қайтқан Данил Мұсабаевты Қарағанды мақтан тұтады. Ал, Қазақстан тарихында үстел теннисінен әлем чемпионы және Азия чемпионатының жүлдегері – Алан Құрманғалиевтің де орны бөлек спортта. Ауыр атлетикадан үздік нәтижелер көрсеткен Артем Андропов, Любовь Ковальчук, Аиша Омаровалар есімі отандық спорт бетіне алтын әріппен жазылары даусыз. Ал, «Naiza 46» аралас жекпе-жек турнирінде қырғыз жауынгерін тұншықтыру әдісімен ұтып, алғаш жекпе-егін уақытынан бұрын аяқтаған жерлесіміз Абылайхан Шаратовтың орны да бір төбе емес пе?! Pro Hokei Liganу чемпионы атанған «Сарыарқа» хоккей командасы да қарағандылықтардың кеуде керер мақтанышы.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ
Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ
Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ
Жаная ОМАРБЕК
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ
Салтанат ІЛІЯШ
Сағыншы ӘБІЛ
Жәлел ШАЛҚАР
Жан АМАНТАЙ



Ауыл мектептері мен қала мектептері арасында алшақтық бар екені жасырын емес. Сол себепті, мемлекет ауыл мектептерін жаңғыртуға ден қойды. Мәселен, биыл Ақтоғай ауданындағы К.Байсейітова атындағы тірек мектебінің материалдық-техникалық базасы толығымен жаңартылса, 2023 жылы облыстың 4 мектебінің (Абай, Бұқар жырау, Осакаров, Шет аудандары) материалдық-техникалық базасы жаңартылды деп жоспарланған.

Сондай-ақ, биыл облыста 2 млрд. теңгеге 47 мектеп жаңартылды. 2023 жылы 20 мектеп жаңартылып, 2 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Ал, 7 мектепке жөндеу жұмыстары жасалады.

Шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды мектепке тасымалдау үшін Саранда құрастырылған жаңа автобустардың берілуі – жыл жаңалықтарының бірі болды. Биыл 19 автобус ауыл мектептеріне пайдалануға берілді. Келесі жылы 8 автобус жеткізіледі.

Бүгінде облыс мектептерінде 2748 мүмкіндігі шектеулі бала білім алуға. Ерекше балаларға, олардың ата-аналарына қоғам тарапынан қолдау қажет. Осы мақсатта Шахтинск қаласында аутизммен ауыратын балаларға қолдау көрсету орталығы, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 3 инклюзивті қолдау кабинеті ашылды. Білім басқармасының мәліметінше, 2023 жылы Саран қаласында психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды.

Балаларға қосымша білім берудің маңызы зор. Биыл мемлекет тарапынан осыған ерекше көңіл бөлінді. Облыста жалпы 126 мыңға жуық бала қосымша білім берумен қамтылған. 93 мектепте мектептен тыс қосымша білім беру ұйымы бар. Бюджет қаражаты есебінен 3100 үйірме мен 4597 секция тегін қызмет етеді, оған 75176 бала ақысыз қатысады.

Нұра ауданында балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы ашылды. 2025 жылға дейін Теміртау және Қарағанды қалаларында (Пришахтинск және Майқұдық) 600 орындық үш Оқушылар сарайын салу жоспарланған.

Келесі жылы 12 мектеп салу

міндеттерді шешу үшін 20 мың жұмыссызды жұмысқа орналастыру, қоғамдық жұмыстарға 2 мың жұмыссызды жіберу, жұмыспен қамту қызметтері арқылы 0,5 мың жұмыссызды қайта оқуға жоспарлануда.

Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 2023 жылы 2,5% деп болжанады.

Облыста мүгедектігі бар 55 мыңнан астам адам тұрады. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, оларды әлеуметтік қолдауға 2022 жылы облыс бюджетінен 1 млрд. теңге бөлінген.

Бүгінде мүгедектігі бар адамдар оңалту құралдары мен қызмет түрлерін әлеуметтік қызметтер порталы арқылы алады. Оны олар өздері таңдайтынын да айту керек. Бүгінде аталған портал арқылы 3383-тен астам протездік-ортопедиялық құралдарға, 1529 тифлотехникалық құралдарға, 855 сурдотехникалық құралдарға, сондай-ақ, 10000-нан астам гигиеналық құралдарға тапсырыс берген.

Одан бөлек, жыл басынан 2583 адам – жеке көмекші қызметін, 545 мүгедек – ымдау тілі маманы қызметін алса, 6058 адам – санаторий-курорттық ем алған.

Аймақта «ИнваТакси» қызметі де көрсетілетінін айту керек. Облыстың 13 өңірінде 58 автокөлік тегін қызмет көрсетсе, оның 22-сі арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталған. Жыл басынан 1100-ден астам адам инваТакси қызметіне жүгінген.

2022 жылы ҰОС қатысушыларына – 1 000 000 теңге, коншлагерлердің бұрынғы көмектегі толмаған тұтқындарына – 100 мың теңге, жалдамалы құрамдағы адамдарға – 100 мың теңге, Ленинградтағы блокада кезінде жұмыс істегендерге – 60 мың теңге, ҰОС жылдарында қаза тапқандардың (қайтыс болғандардың) жесірлері мен әйелдеріне – 30 мың теңге, тыл еңбеккерлеріне – 30 мың теңгеден бір реттік төлем жасалды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 22 қатысушысына 150 мың теңге көлемінде біржолғы көмек төленгенін айту керек.

90 мың теңге аралығында еңбекақы алды. Оларды жабдыктармен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 47 млн. теңгеден астам қаржы бөлінді.

Сонымен қатар, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасына қатысқандардың 70,8%-ы жастар. Жастардың еңбек етуіне, ойға алған идеясын іске асыруына жол ашатын бірегей жоба – грант. Жастар арасында шағын және орта бизнесті дамытудың даңғыл жолы. Биылғы жылы облыс әкімінің грант мөлшері әр жобаға 2 млн. теңге болды. Биылғы жылғы гранттың жалпы бюджеті 291 млн. теңгеден асады.

Жаңадан ашылған ірі кәсіпорындар жастар арасындағы жұмыссыздықтың азаюына зор ықпал етуде. Мәселен, Саран индустриялық аумағындағы шина зауытына жастарды жұмысқа тарту мақсатында 120 жас Татарстанда тағылымдамадан өтуде.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында НЕЕТ (уақытша жұмысқа орналаспаған жастар) санатындағы жастарды анықтау, тіркеу, жұмысқа орналастыру жұмыстары қауырт жүрді. Жастар арасындағы өзекті мәселелермен қатар, қажеттіліктері де үнемі ескеріліп отырады. Осы мақсатта аймақта 14 жастар ресурстық орталығы жұмыс жасайды.

Жастар арасындағы өзекті мәселенің бірі – баспана. Аймақта жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған





Ассамблея жылды қорытындылады



Жаңа жыл қарсаңында облыстың Қазақстан халқы Ассамблеясы биылғы жылды қорытындылады. Ассамблея өкілдері, этномәдени бірлестіктердің басшылары қатысқан басқосуға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, бірегей ұйымның ел бірлігін нығайтудағы ерекше рөлін және облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін атап өтті.



– Қазақстан халқы Ассамблеясы – қашанда біздің барлық бастамаларымыздағы сенімді серігіміз. Сіздер аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосудасыздар. ҚХА мүшелерінің арасында өз қалалары мен аудандарында әлеуметтік жобаларды іске асыруға қатысатын табысты бизнесмендер аз емес. Сіздер экономиканың аграрлық және басқа да секторларын дамытуға қосқан үлестеріңіз – қомақты, – деден Ермағанбет Бөлекпаев жиналғандарды Жаңа жылмен құттықтап, денсаулық пен табыс тіледі.

Достық үйіндегі кездесуде Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің өкілдері азаматтар-

дың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ұсыныстар да айтылды.

– Біздің ассамблея жылды қоғамдық пікір көшбасшылары, түрлі деңгейдегі мамандар мен кәсіпкерлер қатысатын біртұтас топ ретінде аяқтайды. Ауыз-бірішілігіміз жайы ғана көзбояушылық емес. Біз бір-бірімізді бірнеше жылдан бері білеміз. Сол тандемде келесі жылы да жұмыс істейтін боламыз, – деп қорытындылады облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Виллен Молотов-Лучанский.

Өз тілшімізден
Суретті түсірген

Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• БРИФИНГ

Жастар жігерін жаныған жыл

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтағы жастар саясаты қалай жүзеге асуда? Жастар бастамашылығын дамыту, орта және шағын бизнестегі жастардың үлесі қандай, мемлекеттің қамқорлығын жастар сезініп жүр ме? Жастарға қамқорлық жасауды жаңа қадам туралы облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың басшысы Рауан Таран өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте баяндады.



Жастар саясаты – қашанда мемлекеттің басты назарында. Олардың бастамашылығын қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асуда.

– Мемлекеттік жастар саясаты – бұл мемлекеттік органдар жүйесіндегі жеке басқарудың ғана емес, бүкіл мемлекет пен қоғамның ісі. Жастар саясаты демография, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, кәсіби дайындық және көптеген мәселелерді қамтиды.

Бір жағынан, жастар саясаты жастарды дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған және жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жастар инфрақұрылымын, білім беру жүйесін құру, жастар кәсіпкерлігі, мәдениетті және салауатты өмір салтын дамыту үшін жағдайлар сияқты бағыттарды қамтиды.

Екінші жағынан бұл даму перспективаларын ашу, мансаптық өсу мен өзін-өзі жетілдіруді ынталандыру арқылы жастардың өзін жастар саясатын іске асыруға тарту, – дейді басқарма басшысы Рауан Таран.

Бұдан бөлек, жастарды баспамен қамту мәселесі де тұрақты жолға қойылған. Пилот-

тық жоба ретінде жүзеге асқан шарада биылғы жылы 75 жас маман баспаналы болды. Сонымен қатар, алдағы жылдары жатақханалар салу да қарқын алмақ.

– Жастар арасындағы шағын және орта бизнесті дамытуда облыс әкімінің грант мөлшері өскен. Бұл жастардың еңбекке ұмтылуына серпін берері сөзсіз. Әрі жыл сайын грантка жоба ұсынушылар саны да артып келеді, – дейді «Jaғaуn bolashaq» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сұлтан Шәймағанбет.

Жастардың дұрыс бағыт-бағдар алуы, олардың дұрыс жолға түсіп, кәсіп тандауына да зор ықпалын тигізеді. – Біздің орталық оқушыларды ҰБТ-ға дайындайды. Шаңғайдағы елді мекендерді қамтып отырмыз. Дайындық форматы онлайн түрде өтеді. Екі аптада бір рет тест қабылдаймыз. Көрсеткіш жаман емес. Орталықта психолог, кәсіптік бағдар беруші, ағылшын тілі пәні мұғалімі бар. Оқушылармен әңгімелесу барысында олардың 70%-ы гуманитарлық, 30%-ы басқа бағытты тандаған, – дейді «Самғау» академиясы білім беру орталығының басшысы Ардақ Жакин.

• КЕЗДЕСУ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды – күннен-күнге іргесін кенге жайып, көркейіп келе жатқан тарихи қала. Шаһардың әр тұрғынын оның болашағы алаңдатады. Кенді өлкенің ертегіне бейжай қарамайтын тұрғындар облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен кездесуге жиналды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдарды жөндеу, қокыс алаңдарының болмауы, кезекте тұрғандарға пәтер беру, қоғамдық көліктің жетіспеушілігі сынды өзекті мәселелер көтеріліп, шешу жолдары ұсынылды.

Екі сағаттан астам уақыт бойы қарағандылықтар мазалап жүрген сауалдарын қойды. Тиісті ведомство басшылары алға тартқан сұрақтарға қолма-қол жауап берді.

Тұрғындар тарапынан бірнеше жыл бұрын аулаларда пайда болған сапасыз ойын алаңдарына қатысты шағымдар көп болды. Оларды орнатқан жауапсыз мердігерді сотқа да берген. Енді, алдағы уақытта аулаларды абаттандыру барысында саннан сапаға көбірек көңіл бөлінетіні айтылды.

2023 жылы Қарағандыда 33 ауланың аумағын ретке келтіру жоспарланып отыр. 50 балалар ойын алаңын, 12 футбол алаңын, төрт баскетбол алаңын және екі әмбебап корт орнатуға қаражат бөлінбек.

Жақында Майқұдықта ашылған №14 мектеп-гимназияның айналасын жарықтандыру да кезек күттірмейтін мәселе. Қарағанды қаласы әкімінің міндетін атқарушы Мейрам Қожуховтың айтуынша, келесі жылы осы ауданды абаттандыру қарастырылған. Әзірге кешкі уақытта мұнда патрульдер саны артады.

«Желде автобустар аз, кейбір шалғай аудандардан жету мүмкін емес», деп те шағымданды тұрғындар.

Жан-жақты сауалға – салмақты жауап



– Қарағанды автобус паркін жаңарту және кеңейту жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Жуырда QazTehna Саран зауыты сегіз автобусты «Таксокомбинат-1» ЖШС-не берді. Оларды №7 және №01

алуға шарт жасалды. «Таксокомбинат» тасымалдаушысы қаңтар-ақпан айларында 32 жаңа автобустың жеткізілуін күтуде, – деді Мейрам Қожухов.

Бұдан бөлек, жаңа жылда

лин, ЖБИ кенттерінде ұзындығы 20 шақырым жолдың бетін қырып, тегістеу жоспарланған. Кәріз желілерін де тазалау және жөндеу жалғасады.

Аймақ басшысы кездесуде ортаға салынған барлық өтінішті мұқият тыңдап, басқарма басшыларына аталған мәселелерді пысықтауға тапсырма берді. 2023 жылы ТКШ саласына, оның ішінде жылу электр станцияларының жағдайына баса көңіл бөлінетіні де айтылды.

– Қыс түскенде қысқа дайындықтың осал тұстарын байқадық, оларды шұғыл түрде жою керек. Ешқандай сала назардан тыс қалмайды. Жылу, су, электр және газбен жабдықтау сынды мәселелердің бірімен айналысамыз. Жолдарды жөндеу, аулалар мен қоғамдық аумақтарды абаттандыру да жалғасады, – деп атап өтті облыс әкімі.

Кездесу аяқталған соң аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев өтініш білдірген азаматтарды жеке қабылдады.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Асқынған тұмау қауіпті

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Облыста осы эпидемиологиялық мерзімде ЖРВИ-дің 128 774 жағдайы тіркелді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ауырғандар 35%-ға артық. Оның ішінде, 14 жасқа дейінгі балалар – 53%. Қазіргі уақытта әлемде жедел респираторлық вирустық инфекциялар мен А(Н1N1), А(Н3N2) және В тұмауы вирустарының айналымы байқалады, – деді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Юрий Залыгин.

Оның айтуынша, тұмаудың 289 жағдайы тіркелген. Оның ішінде А тұмауымен 60 адам, В тұмауымен 229 адам ауырған. Дегенмен, соңғы аптада А тұмауының белең алғанын айта кету керек. Бұл ретте Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес, шектеу шаралары жалпы ЖРВИ, тұмау ауруларының көрсеткіші өткен аптамен салыстырғанда 1,5 және одан артық өскен жағдайда енгізілетін болады.

Сонымен қатар, спикер тұмаудан басқа тұмауға ұқсас вирустар да айналымда жүргенін айтты.

– Ағымдағы маусымда ЖРВИ белгілері бар науқастардан шамамен 1129 үлгі зерттелді. Тұмаусыз вирустардың үлес салмағы зерттелген сынамалардың жалпы санының 17%-ын құрады. Негізінен риновирус, РС вирусы, аденовирус анықталды. Сонымен бірге, коронавирустың да өсуі байқалады. Күн сайын КВИ-мен ауырған 15 шақты адам тіркеледі. Өткен аптада алдыңғы аптамен салыстырғанда ауыру 35%-ға өсті. Жалпы, эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес, өңір «жасыл» аймақта орналасқан, – дейді

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, қазіргі вирустық респираторлық инфекциялар қаңтарда бұдан да бетер белең алып, ақпанда «шыңына» жетеді екен. Аурудың беті сәуірде ғана қайтпақ, болжам бойынша. Эпидемиологиялық жағдай әсіресе, балаларға қиын соғып тұр. Ауырып жатқан оқушылар қатары былтырғымен салыстырғанда 1,7 есе көп. Десе де, департамент басшысы Юрий Залыгиннің айтуынша, бүгінгі таңда қандай да бір шектеу шараларын енгізуге негіз жоқ. Бір сынып оқушыларының 30%-дан астамы ауырған жағдайда ғана онлайн оқуға көшуіге болады.



департамент басшысы.

Тұмау кез келген адамға тиіп мүмкін. Тұмаудың алғашқы белгілері ағзаға түскен вирустық бөлшектердің санына, адамның иммунитеті және екінші, үшінші триестрдегі жүкті әйелдер вакцина алды. Аурудың өзі емес, одан болатын асқынулар қауіпті. Вакцина сол асқынуларды болдырмай, аурудың жеңіл өтуіне септігін тигізеді, – деді Ю.Залыгин.

Департамент басшысы адамдар көп жиналатын жерлерде маска тағуға, қол гигиенасын, «жөтел этикетін» сақтауға, құрамында С дәрумені бар тағамдарды мүмкіндігінше көп тұтынуға, дәрігердің нұсқауымен ғана емделуге кеңес берді.

ланысты, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен созылмалы өкпе, жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратын, иммунитеті төмен балалар, медицина қызметкерлері және екінші, үшінші триестрдегі жүкті әйелдер вакцина алды. Аурудың өзі емес, одан болатын асқынулар қауіпті. Вакцина сол асқынуларды болдырмай, аурудың жеңіл өтуіне септігін тигізеді, – деді Ю.Залыгин.

Департамент басшысы адамдар көп жиналатын жерлерде маска тағуға, қол гигиенасын, «жөтел этикетін» сақтауға, құрамында С дәрумені бар тағамдарды мүмкіндігінше көп тұтынуға, дәрігердің нұсқауымен ғана емделуге кеңес берді.

• РЕСМИ

ХҚҚО ЖҰМЫС КЕСТЕСІ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде халыққа қызмет көрсету орталықтары мен арнайы халыққа қызмет көрсету орталықтары 1,23 қаңтар күндері жұмыс істемейді. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының баспасөз қызметі хабарлады.



– Сенбі, яғни, 31 желтоқсан күні кезекші халыққа қызмет көрсету орталықтары мен арнайы халыққа қызмет көрсету орталықтары әдеттегідей сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін жұмыс істейді. 4 қаңтардан бастап, барлық халыққа қызмет көрсету орталықтары келушілерді штаттық режимде қабылдайтын болады, – делінген хабарламада.

Республика бойынша 7 қаңтар мереке күні болып жарияланғандықтан, кезекші ХҚҚО мен арнайы ХҚҚО жұмыс істемейтінін атап өткен жөн.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Қарт пошталшы



Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басында тоқыма шәлісі, үстінде қалың пальтосы бар кейуана қос қолындағы ауыр сөмкеге қарамастан, еңсесін тік ұстап кетіп бара жатыр. Жүрісі ширақ. Жол бойында кездескен барлық адамдарға күлімсіреп, бас ізеп сәлемдесіп те қояды. Сырттан қараған адам кезіккенің бәріне жапа-тармағай амандасып жатқан «Бұл кім?» деп таңғалуы әбден мүмкін. Артынан жайлап еріп келе жатқан мен де басында осындай ойда болдым.

Шеті шегі көрінбейтін, ойқыш-ұйқыш шұңқыры көп жолдың екі қапталына кезек-кезек бұрылған қарт ана жүрісінен



жаңылар емес. Алма-кезек қаз-қатар тізілген үйлердің ауласына кіреді де шығады. Ширақ қимылы тоқтаусыз шиқылдаған есік пен абалап, арсылдаған иттердің дауысынан білінеді. Осылай ұзын сонар жолдар мен көше қиылысын еш қиындықсыз басып өтіп келе жатқан қарт пошталшы – Сара апай. Қарқаралылық дүйім жұрт осылай атайды. Құжаттағы аты-жөні – Несіпжан Әбдірахманова.

Көпбалалы отбасында дүниеге келген Сара апай үшін көпшілікпен етене жұмыс жасау қиын болмады. Мүмкін көпшілігі болар. Еңбекке деген ынта-сігі, қарым-қабілеті жауапты жұмыстарды атқаруға мүмкіндік берді. Отбасындағы жауапкершілікпен бірге жұмысына деген жадаһаттылығын айтып жеткізу мүмкін емес. Қай мекенжайдың қандай мерзімді басымал алатынын, үй иесі кім екенін, тіпті, телефон нөмірін жатқа біледі десем, артық айтқандық емес. Талай рет итке таланса да хат-хабар мен газет-журналды

пошта жәшігіне салып кетеді. Болмаса, шарбаққа қыстырады. Ұқыптылығы сондай, ол кісі таратқан газеттің ұшып кетуі немесе жоғалуы мүмкін емес.

Өз көшесі тұрғындарының сый-құрметіне бөленген Сара апайды еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін біледі. Бала мінезді ақкөңіл, жүзінен мейірім төгіліп тұратын пошталшының кейіп, қабақ шытып, қатты сөйлегенін көрген де, естіген де емеспін.

Қарлы боран, қақаған қыс та, шыңылтыр аяз да, аптап ыстық та Сара апайға кедергі емес.

– Мен өзім істеп жүрген жұмысымды қатты жақсы көрдім десем де болады. 45 жыл ғұмырымды пошта саласына арнадым. Бес жыл жауапты қызметте, 20 жыл зейнетақы тараттым, кейін бұл қызмет түрі басқа мекемеге ауысты. Содан кейін 20 жыл хат пен газет-журнал таратуға көштім. Пошталшыға деген халықтың ықыласы ерекше. Мен соны көрдім. Сондай ақпайылды адамдарға қалай қалтқысыз қызмет көрсетпейсің?! Оқырмандар газетті асыға күтеді. Жақын-жуықтан хат-хабар алып қуанып жатады. Олардың риза кейіпін көру мен үшін үлкен бақыт, – дейді Сара апай.

Пошталшы апай 68 жасына дейін газет таратты. Еңбегін бұлдау, сұрамшақтық деген ол кісіге жат нәрсе. Екі иыққа сенген Сарай апай табанынан таусылса да, мойнына алған ісін аяқтамай аялдаған емес. Қазір халықтың талғамы жоғары, сұранысы зор. Апталық басылымдар шығу кестесіне сай таратылмаса, пошталшыларға маза жоқ. Ал, Сара апай танмен таласа жұмысқа кірседі. Түс ауа екі қолындағы дорба толы рухани қазынасын халыққа таратып қайтып бара жатады...

• ЖЫЛНАМА

Тәуекелдер түйінін тарқатқан жыл



Тарихты өзгертіп, қайта жазып шығу әсте мүмкін емес. Бірақ, көзқарасты өзгертіп, өзге дүниетаным тұрғысынан қарар болсақ, «path dependence», яғни, алдыңғы қозғалыс теориясына тәуелділіктен арылу алдымен нық сенім, батыл қадам, түбегейлі өзгеріс қажет болса керек. Сонда ғана өткеніміз – өкінішсіз, қазіргіміз – қайғысыз, болашағымыз – жарқын болмақ. 2022 жыл елімізді саяси оқиғалардан кенде қылған жоқ. Көңілге қаяу түсіріп, қайғыға батырғаны да, санамызды селт еткізіп, жақсылықтың үміт отын жылт еткізгені де бар. Бәрі дәл осы мемлекетті құрайтын сіздер мен біздердің түрлі оқиғаларды қалай қабылдағанымызға және қабылдайтынмызға байланысты. Дегенмен, бір нәрсе анық. Ол – еліміздің саяси өміріндегі трансформациядан бөлек, уақыттың да бір орында тұрмайтыны тәрізді халық санасының да өзгеріске ұшырап, былғуы оқиғалар тізбегіне дұрыс баға беріп, салқынқандылықпен қабылдай білуі. Ал, ең бастысы – сенімі.



Салтанат ШИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Себепсіз салдар болмайды. Күрделі ахуалмен басталған 2022 жыл проблеманың қай жақтан қылтығанын көрсетті. «Сенген қойым сен болсаң...» дегеннің кебін кигендей, мемлекетке опасыздық жасағандар бірінен кейін бірі ұсталып, тергеуге түсті... Осыдан соң оқиғалар тізбегі басталды да кетті. Қазақстан халқына үндеу жариялаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке Жана Қазақстанның болашағы жолында нақты тапсырмалар берді. Бастысы – ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық жүйені түбегейлі қайта құру қажеттілігі. Себебі, ҰҚШҰ-ы күштеріне сүйенуден басқа амал болмады. Елде сенімсіздік орнады. Жағдайды сылтау етіп кірген орыс әскерін енді елден қуып шығара алмаймыз деген теріс пікір жоққа шықты. Қан жұтқан халықтың санасы осы кезде бір сілкініп, ұйқысынан ояңған болар...

Одан бөлек, елдің әлеуметтік жағдайы тағы бар. Қантар оқиғасының орын алуының тағы бір себебі осы екенін көрсетеді сарапшылар. Демек, билік те халыққа бет бұрып, проблемаларын жете түсінгендей. Нәтижесінде, заны бар, басқасы бар, түбегейлі

трансформация керек екені белгілі болды. Өзгеріс те көп күттірген жоқ.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтарының конституциялық құқықтарын күшейту мақсатында Ата Заңға бірқатар өзгерістер енгізді. Алдымен өзгерістің барлығы халықтың талқысына ұсынылды. Жай қабылданып қойған жоқ, референдум арқылы қабылданды. Бұл саяси аренадағы айтулы оқиғалардың бірі еді. Осы өзгерістердің ішіндегі ерекше тоқталып айтуға болатыны – Қазақстанның өлім жазасынан түбегейлі бас тартуы. Демократиялық қоғам жолындағы алғашқы қадамдардың бірі ретінде бұл шешім біртұтас еліміздің әр тұрғынының өмірі кез келгеніміз үшін маңызды екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасын күшті Парламенті бар президенттік формаға бйлай Қазақстанды дамытудың саяси моделін өзгертіп, Парламенттің ролін күшейту қажеттігін айтқан еді. Осылайша, еліміз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алды.

Тағы бір айтулы өзгеріс – Президенттің Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарын құру туралы Жар-

лыққа қол қоюы болды.

Қантар қаһарымен келсе, қыркүйек жақсы жаңалығымен келді. Президент қантар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялады. Сенат болса, «Рақымшылық жасау туралы» Заңды қабылдады. Жалпы, рақымшылық 1 500-ге жуық адамды қамтиды. Негізінен, заңсыз үгіт-насихатқа еріп, ұрлық, бүлікке қатысып, өрт қойғандар.

Быылғы жылдың тағы бір айтулы саяси жаңалығы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі Жолдауында кезектен тыс Президент сайлауының өтетінін мәлімдеуі болды. Себебі, әділетті Қазақстанды құру жолында кешенді реформаларды жүзеге асыру үшін жаңа сенім мандаты қажеттігін айтты. «Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен жоғары. Сондықтан, мен өзімнің өкілеттік мерзімімді қысқартып, кезектен тыс президенттік сайлауға баруға дайынмын», деді ол.

Президенттің өзі сайлаудың әділ әрі ашық өткенін айтты. «Бұл науқан ел мүддесі үшін ұлт болып біріге алатынымызды көрсетті. Бабаларымыз қай заманда да бірлігін бәрінен биік қойған. Біз ата жолын сақтай білген, заманауи және оркениетті ел екенімізді бүкіл дүние жүзіне паш еттік» деп баға берді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

• СӘТ

Жаңа жыл: жер асты, жол үсті және зауытта

Кейбір мамандық иелері жыл ауысар сәтті қызмет орнында қарсы алуға мәжбүр. Мәселен, полицей, дәрігер, шахтер, металлург, жолсерік, құтқарушы дегендей мысалды көптеп келтіруге болады. Бүгін бірсыпыра мамандық иелерімен тілдесудің сәті түсті...

Шахтада да қарсы алдық

«Менің жалпы еңбек өтілім 40 жыл болса, соның 26 жылын жер астында забойшы, проходкашы болып өткізіпін. Кей жылдары жаңа жылды шахтада – жеті қат жер астында қарсы алған күндер де болды. Лавада бір-бірімізді құттықтап, жұмысты жалғастыра беретініз.

Билл бала-шағамның ортасында қарсы алғалы отырмын.

Ермұрат ТІЛЕУЛЕНОВ,
«Қазақстан» шахтасының кеншісі

Пойыз үнемі жол үстінде

«Жыл сайын бірнеше мың теміржолшы жаңа жылды қызмет орнында қарсы алады. Жиырма жылдан бері біз де талай мәрте мерекені пойызда өткіздік. Бұрын мерекеле вагонда жолаушы аз болатын. Қазіргі уақытта керісінше мерекелер күндері жол жүретіндер саны артады. Жолаушыларды мерекелен құттықтап, көңіл күйлерін көтеру үшін қажетті жағдайлардың бәрін жасауға тырысамыз.

Мәди ЖАҚАН,
жолсерік

Өндіріс іркілмейді

«Өндіріс саласы іркіліссіз жұмыс жасайды. Металлург болғаныма он бес жылдан асты. Осы уақыт аралығында бірнеше рет жаңа жылды балкыту пешінің қасында тұрып қарсы алдым. Өлетте, әріптестер бір-бірімізге тілектестігімізді жеткізген соң тоқтамастан жұмысымызды жалғастыра береміз. Биыл да 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түнде ауысымға шығамын.

Айдын ЖҰМАБАЕВ,
Балқаш мыс балкыту зауытының катодшысы

Әзірлеген Ержан ИМАШ,
Нұрлос КӨРІМ

• ЖЫЛ ӨКІНІШІ

Өндірістегі адам өлімі өзекті өртейді

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл алпауыт «АрселорМиттал Теміртаудың» аты жамаңат хабармен жиі шықты. Компанияға қарасты өндірістегі апаттықтар бермей, өлім-жітім көбейді. Ел аман, жұрт тынышта ошақты шаңырақ қара жамылды. Анырап ана, жамырап бала қалды.



дауға тура келеді. Мен бұл жөнінде жуырда Қарағандыда сөйлеген сөзімде ескерттім. Кәсіпорынға кешенді тексеру жүргізу керек. Соның ішінде еңбек қауіпсіздігі мен барлық экологиялық норма талаптарының сақталуына мән берілуге тиіс», – деген Қасым-Жо-

март Кемелұлы комбинаттың коде жуырда техникалық жағдайды жақсартуға жеткілікті инвестиция құйған-құймағанын анықтауды тапсырды.

Арада ай өте – 8 желтоқсанда металлургиялық комбинатта тағы бір жұмысшы қайтыс болды.

Осы тұста Митталмен келісім бұзылуы мүмкін деген сөз шықты. Мұны айтқан Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев. Арнайы комиссия құрылғанын мәлімдеген министр «...АрселорМиттал Теміртау» компаниясының басшыларына қатысты қатал шешімдер қабылданып деп жатыр. Негізі бұл компания Қазақстанда жұмыс істей ме, істемей ме деген мәселе де қаралатын болады», – деді.

Әрине, қазақстандық билік өкілдерінің мәлімдемелерін естігенде Митталдың қандай күйге түскені бізге беймәлім. Тек, Президент айтқан соң Бас прокуратура тексеріске кіріскенін, компанияның біздегі басшылығы қызметтен шеттетілгенін білеміз.

Кәсіпорын қара жамылғандарды қамқорлықсыз қалдырмайтынын айтты. Жесірлерді, жетімдерді мойнына алды. «Қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» жеткізбек. Әйтсе де, дүниенің ақшасы өкпенің орнын баса ма?! Жауаңқоздердің түн баласы жастықты құшақтап, үнісіз егілмесіне кім кепіл... Өкініш өзекті өртейді.

• ЛЕБІЗ



Газеттен қол үзбейміз

Металлургия – темірдей төзім мен қажымас қайратты талап ететін мамандық. Мың градусқа дейін қызатын пеш салғырттық пен жалқаулықты кешірмейді. Сондықтан, мыс бұлағын ағызған майталмандардың еңбегі ерекше құрметке лайық. Ал, сол еңбек майданында жүрген ерлердің есімін насихаттауға «Ortalyq Qazaqstan» газеті өлшеусіз үлес қосып келеді. Біз, металлургия қауымы келер жылы да сүйікті газетімізден қол үзбейміз. Және газет арқылы ормандай оқырманды Жаңа жылмен құттықтаймыз!

Нұрхан АШЫҚБАЕВ,
металлург



● ЖЫЛ ҮЗДІГІ

Ақжалдан шыққан Ақжелкен

«Әуелі сөз болған» деп басталады көктен түскен қасиетті төрт кітаптың бірі. Шырқыраған жанды кейде сүйреп мұзға, кейде апарып тұзға салған күйдің күдіретін сезінгенде әуелі дыбыстан күй туғандай ойға қалдыратынын қайтерсіз... Күймен күіріне тілдескен күйшілердің қысырға құлын телігіп, інгенге бота ертіп жіберердей қабілетіне тарих куә. Қазақты домбырасыз, домбыраны күйсіз елестету ақылға сыйымсыз. Домбыра қазаққа, қазақ домбыраға айналып кеткен етене егіздікке сан гасыр.

Кешегі Кемпірбайға серік болып, кеудесінен ұшқан көгала үйрегі кімге барып қонды екен?! Ықылас пен Тәттімбет, Құрманғазы, Дина рухы ше? Әрине, өнердің иесі жоқ емес. Ал, кешегінің өзін де, сөзін де жоқтатпаған, күй деген сарқылмаған сиқырлы өнердің Арқадағы ақжелкеніне айналған жерлесіміз Мадияр Сүлейменов – өз алдына бір төбе.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балаң қиял қия бағындырар қанатқа айналды

Шегебай күйшінің бұтағы, әрине, төбел туар орны бар. Атасынан арқа біткен бала Мадияр әуелде суретші де болғысы келген екен. Күйші мен суретшінің ауылы қоңсы, қарасаныз. Екеуі де тылсым әлемнің жаршылары.

– Домбыра маған жат емес. Ес білгелі әкем, әкемнің інілері домбыра шертіп, ән айтаынын көріп өстім. Әулетім қара жаяу емес. Соларға қарап, бой түзедім. Жеті жасында алғаш домбыра тарттым. Оған себепкер марқұм бөлем Бауыржан Амангелдіұлы еді, – деп есіне ел естімеген естелігін алды Мадияр күйші.

Көкшетауды жайлаған нағашы жұртына қонаққа барғанда ол бөлесінің домбырасын алғаш қолға алыпты.

Күйге бастаған тұма бұлақ

Кейінде радиодан, түрлі магнитофон таспаларынан тындап жүріп, күйге деген қызығушылығы артқан оның. Күй жинақ топтастырылған таспаларды Мадиярға таситын туған жиегі – Дәулет Серікұлы. Бүгінде Арқаға аты шыққан Мадияр Сүлейменовтің жинағы жарық көрсе, кіріспесінде осы екі жақының аты жүреріне күмәнсізбіз.

Сондағы тыңдайтыны – Секен Тұрысбектің «Ажауының», Сүгірдің «Қосбары», Тәттімбеттің «Көкейкестісі» сынды тағылымды ой салар күйлер. Ең алғаш кәсіби деңгейге бастау болған жан Ақжал кентіндегі «Шұғыла» мәдениет үйі домбыра сыныбының ұстазы Шұғыла Мұқатайқызы. Сол кісінің бағыт-бағдарымен Мадияр Қарағандыдағы Тәттімбет өнер колледжіне түскен. Осында Айжан Оспанованың тәлім-тәрбиесін алып, алғаш нота сауатын ашады. Кейін Құрманбай Ғабделовтің сыныбына ауысады. Осында оқып жүргенде тұңғыш рет 18 жасында Тәттімбет атындағы республикалық байгеге қатысады. Осы байқаудан дипломант атанады. Ал, Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетіне түскен соң Мадиярдың екінші тынысы ашылғандай еді.

«Жұртты үйіріп, күй шерту – ерлік іспеттес»

– Мен білетін Мадияр – табиғатынан күйші. Өздеріңіз де куә болып жүрсіздер қанша мәрте. Мынадай заманда жұрт үйіріп, күй шертудің өзін – бір ерлік іспеттес. Қазақтың жаны мен ары тоғысқан күй өнеріне құрмет көрсеткен елге алғысым шексіз. Ал, сол өнердің жаршысына айналған Мадиярдан айналайын, – дейді күйші, профессор, шертпе күйдің шебері Жанғали Жүзбай.

Шертпе күй өнерінің қыр-сырын



танытып, күй әлеміне терең бойлап, оны сезінуді де Мадиярға тәттіштеп ұқтырған Жанғали Әлімханұлы. Тіпті, Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда тұрған дәулеткер күйші Дәулетбек Сәдуақасұлының өзі жас күйші Мадиярға берген батасында:

«Балам, бар білгенімің мәйегін ал, таны, біл. Алайда, менің барым саған азық етеді. Бұл өнердің тұнығын Жанғали ағаң жұтқызын, соған бар, соның шәкірті болсаң, көгеруің бек мүмкін», – деген екен.

Бірде алыстағы ауылына асыққан балаң көңіл фортепиано сабағының сынағын тапсырмастан, Ақжалға Астанадан аттанып кетеді. Орта жолда оған өзі оқып жүрген оқу орнынан телефон шалып, бір сабақтың бағасына бола, оның енді шәкірті қалмайтынын айтады. Ауылға деген сағыныштың атына мінген жас күйші бұл тоқтатпапты. Жолын жалғастырып жөнеле берген. Сәлден соң әлгінде қонырау шалған адам қайта хабарласып, Мадиярдың шәкіртісі алатынын, яғни, шәкіртісінен қағылмағанын айтады. Бұған қуанған Мадияр аң-таң. Кейін білді. Жанғали Әлімханұлы ебін тауып, шәкіртінің шәкіртісінен айырылып қалмауын қадағалаған көрінеді...

Тағылым мен талант ұштасқанда

Күйші ретінде қалыптасқан соң да Мадияр ұстаз жолынан жаңылмады. Оның кісі алдында күй шертуі, қос қолын домбыра ырқына беріп, өзі сол әлеммен іштей сырласуы бәрі – сол ұстаз тағылымы мен талант жетегінің жемісі.

– Қай күй болсын, мен оның шығу тарихы мен мәніне қарап, сол жайлы көп ойлаймын. Залдағы тыңдаушы көңілінен толық шығам деп мақтанбаймын. Бірақ, кейде шертке тебіренген елдің қиқы қамшылап, рух береді, – дейді Мадияр Өмірбекұлы.

Ауыздығын қарш-қарш шайнаған арғымақ, қынында қылпылдаған ақ алмас, сусылдаған сұр жебенің тікелей теңеуі – күйшінің орындауында.

Мадияр Сүлейменов кешегі дәулеткер күйшілердің бүгінгі келбеті десек, еш артық-кемі жоқ-ау...



● АЯЗ АТАМЕН ӘҢГІМЕ

Серік ӘБЕНОВ:

Қазақ баласының төл ертегімен тәрбиеленгенін қалаймын...



– Тапсырыс қалай түседі? Ақшақардың ақысы жеке ме?

– Әлеуметтік желі жоқ кезде газетке хабарландыру беретінбіз. Қазір әлеуметтік желілерде бірнеше парақшамыз бар. Тапсырысты сол жақтан қабылдаймыз. Үйге шақыр-



ғанда басында 5 мың теңге болатын. Қазір ең төмені – 10 мың. Ал, жанажылдық кештерге орташа есеппен Ақшақар екеуіміз 20 мыңнан 40 мың теңге аламыз.

– Аяз ата болу үшін нені жақсы білу керек? Кітап оқып, дикция қойып дайында-ласыздар ма?

– Ең бастысы – психология. Салмақтылық, құпиялылық, актерлік қабілет қажет. «Қасыма жақын отыр, кәрімін. Құлағым естімейді» деп қоясың арасында. Дауыс ырғағы – өте маңызды. Онсыз бала сенбейді. Сенбесе, тапсырыс жоқ. Біттің. Жүріс-тұрысың, дауысың бәрі үйлесіп тұруы шарт. Айнаға көп қарайтынымыз, сондықтан. Себебі, саған балалар имандай сенеді. Басынан аяғына дейін өз рөліңді толыққанды түрде сомдауың керек. Қоштасып, шығып бара жатқанда да, образдан шығуға болмайды. Олар терезеден қарап тұрады, сыртыңнан. Көлікті алысқа қойып, қараңғыға сіңіп кетеміз.

– Аяз атаның шығу тарихын білесіз бе? Аяз атаны насихаттау қазаққа қажет пе, көзқарасыңыз қандай? Жаңа жылды тойлайсыз ба?

– Бізге Ресей арқылы келгенін білемін. Дед Мороз і Снегурочканың аудармасы ғой. Еуропада Санта-Клаус дейді. Лапландияда Санта-Клаустың резиденциясы бар көрінеді. Сонда жыл сайын әлемнің түпкір-түпкірінен балаларды қабылдайды екен. Хаттарына жауап жазады, тілегін орындайды. Ақылы болар, әрине. Бір туысымыз сол жаққа балаларын апарыпты. Ол енді – бөлек әңгіме. Мәскеуде, Белоруссияда да резиденциялары бар екен. Бізде бар-жоғын білмедім. Қазір желтоқсандағы жана жыл мен Аяз атаның қажет еместігі айттылып жүр. Меніңше, мұнда еш жаман ой

жоқ. Балаларға көңі-күй сыйлау ғой. Әркім өз отбасымен демалып, көңілді жүреді. Өзім де бала кезімде жана жылды асыға күтетінмін. Күнтізбе ауысады. Аяз атаны насихаттаудан аулақпын. Бұл – біз үшін табыс көзі. Біздің Жаңа жыл – Наурызда ғой, негізі...

– Аяз атаға тапсырыс берерде неге мән беру керек?

– Аяз атаны үйге шақыру үшін алдымен соған жағдай жасалуы қажет. Мысалы, өткенде бір үйге бардық. Өте тар. Дастархан, шырша тұр. Кісі толы. Айналатын жер жоқ. Балаларға да, бізге де өте қиын болды. Үйде тек өз отбасы мүшелері бар кезде шақырған жөн. Фотоға түсіп, ойнап-күліп, сыйлық беріп, тақпақ тындап, бәріне үлгереміз.

Жаңа жылға қандай тілек айтасыз?

– Бала – періште. Аяз ата шақыруға жағдай болмаса, қағаздан, мақтадан ойыншық жасап, үйді безендіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлауға болады. Балаға кішкентай кезінде бұл керек деп ойлаймын. Өскен соң, үйде ұстап тұра алмайсыз. Аяз атаға сенбейді де. Келе жатқан Жаңа Қоян жылы құтты болсын. Халықтың әл-ауқаты артсын! Әлемде түрлі жағдай орын алуда. Елдің іргесі аман, жұрт тыныш болсын, бастысы. Жақсы ниет қылсақ, жақсылыққа ұмтылсақ, бәрі сәтмен жүзеге асады. Қазақ көбейсін! Қазақ балаларын Аяз атамен емес, қазақтың төл ертегілерімен тәрбиеленгенін қалаймын...

Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● ЖЫЛ АВТОРЫ

Әлекеңде әңгіме көп



Әли Тойжігітов. Ағамызды таныстырудың да аса қажеті жоқ. Арқа тележурналистикасында айшықты ізі бар. Онымен қоса «Орталықтың» тұрақты авторы. Ағамыздың өзі «Орталық» – маған батасын берген басылым. Ең алғаш еңбек жолымды бастаған қарашанырағым» деп тілектестігін білдіріп жүреді.

Биыл Әли ағамыздың «Аханұлы кызметтік куәлігі», «Шахановты шақырып, «сөгіс» алдым», «Диктор», тағы басқа да сағынышпен өрілген есті естеліктерін таспаладық. Жылы жазбалары оқырманның ғана емес, біздің де жанымызды жадыраттады.

Әлі де жазып тұрыңыз, Әли аға.

● ЖЫЛ ОҚЫРМАНЫ

Сексен жыл серік еткен «Орталықты»



Балқаш қаласында Зейнел Қағазбек есімді ардагер ұстаз тұрады. «Орталықты» он екі жасынан бастап оқыпты. Қазіргі жасы – 92-де. Шаңырағына газетіміз әлі барады. Демек, тоқсан жылдық тарихы бар газетімізді Зейнел Смағұлқызы сексен жыл оқып келеді. Өткен гасырдың редакторларын, журналистерін, қазіргі толқынның есімін жатқа біледі. Қаламгерлердің әр жылдары көтерген мәселелерін, танымдық мақалаларының бәрін сайратады екен. Құрметке лайық!

Шежіре кеуде қариямызға күш-қуат тілейміз. Сіздей батағаой оқырманы бар, шынымен біз – бақыттымыз...

Дайындаған Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскекен ұрпақтың

Бала бақыты бәрінен биік

Тәуелсіз ел тарихында алғаш рет балаларға ерекше маңыз беріліп, бұл жылға «Балалар жылы» деп ат қойылып, айдар тағылды. «Өскекен ұрпаққа ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі», – деген еді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз», – деген Мемлекет басшысы бұл жылда істелетін жұмыс нәтижесін құр даңғаз

сөзбен емес, нақты іспен көрсету керектігін ескерткен болатын. Өскекен ұрпақтың мәселесіне ерекше мән беру арқылы ұлт тағдыры шешілетінін, ал оларға жол ашу

үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін жеткізді.

Президент айтқан мәселе төңірегінде «Балалар жылына» орай елімізде атқарылған игі істер көп. Мемлекет балаларға ерекше көңіл бөліп, оларға қуаныш сыйлауға атсалысты.

Қарағанды облысында 290 мыңнан астам бала бар, оның 37 мыңнан астамы мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 174 мың оқушылар болса, 11 мың колледждерде оқиды. Балалар жылында өңірдегі мұнша бала назардан тыс қалмады.

Аймақта білім беру сапасын жақсартуға, балаларға медициналық қызмет көрсетуге, әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз етуге, бос уақытын ұйымдастыруға

бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асты. Оған бюджеттен 12 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалды.

Дарынды оқушыларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі – «Балалар жылының» ерекше жаңалығының бірі болды. Республикалық және халықаралық олимпиадалардан жүлде алған кенді өңірдің 79 білімпаз оқушысына ақшалай сыйлық берілді.

Бала – біздің болашағымыз. Кез келген мемлекеттің өміршеңдігінің белгісі – бүгінгі өсіп келе жатқан жас ұрпақ. Балаларға арналған игі шаралар тек биылмен шектеліп қалмаса игі. Өйткені, бала бақыты бәрінен биік.

ПАЙЫМ

« – Айныдыңыз! Аздыңыз, Абай! Алтын сарай ырысым деуші ең бұл үйді. Өзегімді өртедіңіз. Енді дауа табар көңілім жоқ. Мен жылаулармын. Үйіңнің шырағы сөнді, шипасыз дерт жеңді бойымды. Көңілімді дауалар, шипа болар сөзіңіз жоқ. Түк айтпаңыз!... Бітті менің күнім! Күл боп ұшқан күнім... Айтайын... кеудемде жүрек те жоқ, жалын да жоқ... Осы күндер бәрі сөнді де, бір қуыс қана өлі дүние қалды. Барды әкетті мына жасым!»

Бұл сөздер жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Әйгерімнің жарына жария еткен қызғаныш пен реніштен жаралған бітімі жоқ аса қатал үкімінен алынып отыр. Романдағы Абай өзіне елеулі кіно артып, айыпты еткен Семей сапарында ұзақ жүрген күндері екенін аңғарып, сабырмен, үнсіз ғана бойын тежеп қалған. Әйгерімнің өкпеге, ренішке мұншалықты қатты екенін Абай бұрын сезбегені. Олай болатын себебі, романдағы Әйгерімнің гадаулат ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы жоқ-тын. Сондықтан, жорамал, жалған сөзге сеніп қалған Әйгерімге кіно коюға да бола қоймас дейміз.

Махаббат, ғашықтық сезімдері жақсы нәрселер, бірақ құшпақ, сүйемектің де өлшеуі бар. Қызғанышқа жеңілген жас жүрек кінәшіл де әділетсіз. Әйгерім жар сезімін өлшеуінен асырып жібергендіктен, жақсы күндеріндегі Абай мінезін, асыл қазынасын жоғалтып алды. Әйгерім ақылмен көңілін тыйып, бойын жеңе алмады. Абайдан өзге Әйгерім сері қыз Салтанатқа да бітімі жоқ, өкпелі жүректің аса қатал айыптау үкімін жария етуі дұрыс іс болмады. Өйткені, Әйгерім өзінің алдында күнәсіз, адал асыл жанға жолсыз жаз тартқызылған көріміз.

Салтанаттың жара орында жатқан Абайға қылған қамқор достық еңбегінен Әйгерім хабарсыз. Сері қыз Салтанат мінезі де, ақыл-парасаты да сирек жанның бірі. Семейде абақтыға қамалған Абай үшін еткен қарекеті қазақ қызында болмайтын мінез боп танылды. Салтанат Абайға азаттық алып бергені жеңілдігінен емес, адамгершілігінен болатын. Салтанат қамаудағы жігітті құтқармаққа бекінгенде бұл ісін парыз, қарызсыз, жас тілеуліктік істеткен мінез деп қарады. Абайдың рұқсатынсыз, ешкімнің жетегіненсіз оны құтқару ісіне өздігімен ара-ласты. Абайға деген достық мінезіне Салтанат өзі басы, өзі не боп шықты. Өйткені, Салтанаттың мінезі мен парасаты, қайраты сай туған жан еді. Абай да Салтанаттың ақылды, есті мінезіне сүйсінгенін жасыра алмады. Романдағы Абай мынау шақта әйел жынысынан ол үшін осынша бағыл достық ететін жақын, құрбым болар деп ойламаған.

Енді, Абайды шығарып алған еркін, ер мінезді, зор намысгер азамат сыпатты, бұл өңірден бұндайлық ер сынына үлкен байыпты адамшылықпен бой ұрған, жалғыз дара шығып тұрған Салтанат қыздың жайына келіейік. Әйгерімнің «Менің сорым – ылдидың қызы Салтанат» деп Абайдың Семейде кешіккеніне кінәлі қылып сері қыз Салтанатты айыптағаны негізсіз еді, ол жанның еш жазығы жоқ-тын. Жазықсыз Салтанат. Сезімтал сергек, ақылына сабырын серік еткен сері қыз Салтанат Семейге семізден жараған үш сәйгүлікті пәусекке жегіп келіп, Тінібек көпестің екі қабатты үйіне түскен кез шамамен 1880 жыл болар. Бұл Абайдың әкесі Құнанбайдың төрт жылға тақау үрдіс, ұзақ жол жүріп, Мекке-Мәдине сапарынан қайтқан мезгілі. Аман келісін шаһарда, сахарда болсын той етпектерге тартымды салқын сөзбен тыйым салған. Оның себебі – өзіне-өзі салған қатал бір тыйымы бар. «Енді дүние сөзін қойып, ғибадат-минажатпен ендігі қалған аз күнімді аулақта кешемін. Ел сөзінен, үй іші, шаруа мұңынан да, қамынан да мені азат етпеді» деген. Әрине, Ырғызбайдан тараған жұрт үшін ендігі жауапкершілікті Абайға жүктеген.

Абайды өзінің құмырының соңғы күндерінің тірегіне балады. Енді «өз дегенін етіп-ақ көрсін» деп батасын берген. Құнанбай осы ба-ласын өзінің тиянақ-сүйеніші са-нап, қорған, қамқор боларына нық сеніп, азат өмір сүруді таңдаған. Меккеге аттанарда Құнанбай дайындалып, жолына керекті пұлды қамдап алып Семейдегі Тінібек

«Сен ақылмен көңіліңді тыйып, жеңдің бойыңды»



құдасының үйінен Қарқаралыға бет түзген, онда өзіне серік болып қосылатын Өндірбай қалпе күтіп жатқан еді. Тінібекпен Құнанбай құда болса, сері қыз Салтанаттың әкесі, ылди бойының саудагер байы Әлдеке Тінібекпен құда-андалы дос еді. Екі көпестің «құдандалы достығын» түсіндіру ретінде Бұқар жыраудың сөзін еске алайық: «Абылай алдында бітпесен, Құдандалы таныспын. Абылай алдында бітпесен, Атасын білмес алыспын». Бұл сөзге лайық келер қазақтың мақал-мәтелі бар: «Тең азамат анда, текті ауыл құда». Абайда да бар: «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім! Сағынышқа сарғайма! Жай жүрсен де қыз құмай, Сені біреу қарғай ма? Қыз іздесең қалың бер, Мұным ақыл болмай ма? Көріп алсаң көріктіңі, Таңдап алсаң тектіңі, Сонда да көңіл толмай ма?» Таңдап алсаң тектіңі. Ата-баба үлгісі.

Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан – Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық. Інісі өлген соң Құнанбай Ұлжанға үйленген. Ұлжанның төркіні мұқым қазаққа мәшһүр Қаракесек тайпасынан. Тобықты Өскенбай текті жермен құдандалы болуды қалапты. Құнанбай да ұлы Абайға қалыңдық іздегенде Қаракесек Алшынбайды табады. Семейден Меккеге жүрерде ұлы Оспанға қалыңдық таңдағанда көп заманнан қадірлейтін адамы Қаракесек Өндірбай қалпемен құда болуды жөн көреді. Ылди бойының саудагер байы Әлдеке Семейге іссапар-саудамен келіп жүргенде Тінібек көпестің құдасы Құнанбаймен де, Абаймен де танысқан, олардың дос пейілін көп көрген жан. Әрине, Құнанбай мен Әлдеке Тінібектің үйінде кездеседі. Өйткені, ол заманда Семейде алыстан, қырлан, сырттан келетін жолаушы жұрт түсетін қонақ үй-жай жоқ.

Неміс ғалымы К.Мейердің 1830 жылы Берлин қаласында жарияланған естелігінде 1826 жылы шілдеде Семейге келгенде қонақ үйі болмаған соң, ол Тарбағатай қазағының қызына үйленген орыс көпесінің үйіне тоқтағанын жазған. Мейердің айтуынша, Ертіс өзенінің сол жақ жағалауында бірнеше кішігірім ғимарат салынған, онда көпестердің қыр қазақтарына саудалауға арнаған товарлары сақталатын. Ертіс өңірін көрші жұрт ертеден зерттеп жүрген, соның бірі кезбе Ф.Байков қалмақтардың тас ғимараттарын суреттеген. 1718 жылдан салына басталған Семей қамалында қазақ, Бұқара, Ташкент өкілдерімен товар алмасу мақсатында 1783 жылы кеден құрылған. Семей қаласы арқылы жүргізілетін ішкі және сыртқы сауданы дамыту үшін қаланың ішінде және Ертістің сол

жақ жағалауында тиісті қоймалар, үйлер салына бастайды. Жаңағы Мейердің көргені сол кешендердің бір бөлігі ғана.

Алғашқы сауда-саттық орталығы «Меновой двор», халық «Полковник» деп атаған аралда орнығыпты. Сауда-саттық жасауда өндіріс товарларымен қоса көпестер ірі қалалардан түрлі кітаптар да жеткізетін. Негізінде, жазу мен сызудың өзі шаруашылықта өндірілген өнімнің есеп-кисабын, кіріс пен шығысты қадағалау, өнімнің өзіндік құнын, товарлардың нарықтағы бағасын анықтау, шаруашылықты ұйымдастыру мен іс жүргізу қажеттілігінен дүниеге келген. Өз өнімін өткізу мақсатында үлкен империялар маңындағы көрші елдерге товар, сауаттылық әлімжеттілік саясатын өткізе отырып, ерте замандарда қазақ жеріне де дендеп ене бастайды. Өзімізді өктемдіктің көне құралдары – қамал, көпес, қаржы, қару, кітап арқылы Сарыарқаны да жаулай бастады. 1822 жылдан бастап, Орта жүзде ашыла бастаған орыс округтеріндегі болыстарының біразы жайлау-қыстақтарын тастап, Шу жаққа ауа қоше бастайды. Зерттеуші Н.Коншиннің берген ақпаратына сай, қазақтардың қашуының бір себебі – Қарқаралы округінде заңсыз сауда-саттықпен айналысушы бұзық бұралқылардың қылмыстары.

1839 жылдың желтоқсанында Омбыдағы шекара бастығына Қарқаралы қазақтарынан алаяқ адам аулаған жандарды көресіз. Саудасы – ар мен иманы. Қайрат жоқ бойын тыйғалы. Қаны бұзық, ұры, қар, өтірік, ұрлық үкімет зорлық, қорлықпен өткен ку өмір – Тентекті жеңіп, тыя алмас.

Саудагер атағын жамылған үш бұзықтың қара қазақты ашықтан ашық қарақшылықпен тонаған

қылмыстық ісін тексеруге 1830 жылдан 1850 жылға дейін 20 жылдан аса уақыт кетеді. Ресми ақпаратқа сай, 1864 жылы Семейде сырттан келген 109 көпес, жергілікті 381 көпес сауда жасапты. Соғыс майданына айналған далада товарларын аман сақтап, адал сауда жүргізіп, кәсіптерінен табыс табу үшін қала көпестеріне сахарда құдандалы достар қажет-тін. Тіршілік қажеттілігінен өр мен ылди аралығында небір одақ құрылған. Семейге жиі келетін Тобықтының бар керуені өздеріне сенімді Тінібай көпестің үйіне тоқтайтын. Тінібай 1836 жылы сол жағалаудағы үйінің қасынан мешіт те соққан.

Қазақтар «қарасақал» деп ат қойған Семейдің жас прокуроры Е.Врангельдің естелігінде оның айдауда жүрген Ф.Достоевскиймен бірге 1855 жылдың 30 тамызында қазақ достары Көкен болысының старшинасы 2-ші гильді көпес Кәукенов Тінібай мен оның ұлы Меңдібай үйінің қонағы болғанын жазыпты. Архивтік деректерге көз салсақ, Құнанбай Абайды Семейге 1855 жылы алып келген, бұл Тінібектің үйінде Врангель мен Достоевскийдің қонақ болған жылы. Жазушы Әуезов Абайдың Е.Михайлов-Михаэлиспен қалаық кітапханада кездесуін Салтанат қыздың ісін паш еткен тарауға енгізгені ұтымды шешім болып шықты. Ресейдің орталығынан жер аударылған Михаэлиспен Семейде тұруға рұқсатты 1869 жылы алған. Ол 1878 жылы Семейдің қалыстық статистикалық комитетінің секретары қызметіне ұсынылады. Бар деректерді саралай отырып, біз романда Абайдың Михаэлис және Салтанатпен жолыққан жылы – 1880 жыл деп ұйғардық.

Сонымен, жазушы шығармашылық еркіндігіне салып, Тінібектің үйінде Салтанат пен Мәкішті кездестіреді. Тінібайдың ұлы Меңдібайдың келіншегі Мәкіш Құнанбайдың қызы еді. Автор оқырманға Мәкіш туралы «жастай жат елге ұзатылған қыз еді, қазір қалада үлкен үйдің ерке келіні» деген дерек береді. Көркем шығармадағы Салтанат та қыз ішінде әкесінің жалғызы, бірақ ертеңгі күні біреудің басыбайлы меншіктісі болар күйі бар. Салтанат Мәкіштен Абайдың үйі іші, бас тұрмысы, елдегі жарынан хабардар еді. Романда Салтанаттың қамқор достық еңбегін біртіндеп білген сайын, Абайдың қатты қысылғаны айтылады. Абайдың ойынша, «бұндай достық орайы оңай емес, жеңілмен тынбайды. Қызға бірдің өзі болып емін-еркін тимесе, қанағат табар қауқар жоқ. Абай болса, жеңіл желікпен, қызғумен Әйгерімге жалған айтар, бұған жарым серт берер ұқтыяры жоқ, тілегі жоқ. Сол халдер бүгінде ел жігітінен гөрі өзгеріп, ойымен жаңғырып келген Абайға әмір-құдірет тыйымын салды. Қыз көңіліде бір алғыстан басқа ешбір ақау жоқ. Жаңа оңашада өзін сондайлық байыпты, сыпайылықпен ұстаған, тартымды тәрбие көрсеткен қыз қадірін айрықша құрметпен таныған Абай дағдылы жігіттік мінезінен қысылып қалып, енді өзіне-өзі сын боларлықтай тыйым салуды қажет деп тапты. Өз бойын даналық сабырмен жеңіп, билеп алған Салтанат та «Жетпегенге өкінерім жоқ. Бар өмірде, әмісе, бақытты болыңыз!» деп Абайға тағзымымен бас иді. Айтқан алғысындай.

Көп жылдар өткенде Семейге екі баласын ертіп келген Салтанатты Мәкіш «Полковник» аралына апарыпты. Сонда Салтанат Абайды көрген күндерін еске алып, «Абай қадірін өзім ғана біліп, сақтамаспын. Мына балаларымды да Абайға дос етіп өсіру ендігі аналық қарызым шығар. Абай алдындағы соңғы міндетім болар» – деген екен.

Марат АЗБАНБАЕВ

«ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...»

Ұстаз болу – ардақты іс

Мен ұстаздық жолды таңдап, жылдар бойы балалардың сауатын ашуға еңбек етіп келе жатырмын. Педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңашылдыққа ұмтылу, өз-өзіңді жетілдіру және бұлақ көзін ашқандай әр білім алушыны биік мақсаттарға жетелеу. Мұндай ұстаным әр мұғалімде болуы тиіс деп есептеймін. Себебі, ұстаз – ұрпақ тәрбиелейді.



Сурет интернеттен алынды

Халқымыз әрқашан ұстаз мәртебесін аса жоғары бағалаған. Ұлы Абай «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады» деген. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі Нәм сондай болмақшы, яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрету білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» деді. Ғасырға жуық уақыт өтсе де, Алаш арысының осындай сөздері еш уақытта ескірмек емес.

Жақсы ұстаз – бұл қай кезде де кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалды, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Заманына

қарай бейімделген, жаңашыл, оқытудың озық технологияларын меңгерген, оқу-тәрбие ісіне шынайы жаңашырлық танытатын маман болуы тиіс.

Қазіргі уақытта елімізде әлемдік білім кеңістігіне бағыт алған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Жаңа білім кеңістігін жасақтауда мұғалімнің қосатын үлесі көп. Жаңашыл білім алған шәкірт бәсекеге қабілетті бола алады.

Әр мұғалім өз ісіне сүйіспеншілікпен қараса, оның алдынан жақсы, талантты, білімді шәкірттері шығатыны сөзсіз.

Анар ТАКСИМОВА,
Ақой жалпы білім беретін мектебінің педагог-психологі, модератор

Шет ауданы

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Әжелер сөзі – тәрбие көзі

№18 мектепте «SUPER ӘЖЕ» сайысы өтті. Бала тәрбиелеуде әжелердің орны зор. Бұл шара оқушыларды қазақ халқының салт-дәстүрімен тереңірек таныстыру, әже ұлағатын дәріптеу, оқушыларды үлкен кісілерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.



Аталған шара мектебімізде «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 2-4 сынып оқушылары арасында өткізілді. Сайысқа оқушылармен бірге олардың әжелері қатысты. Әжелер мен немерелері өз өнерлерін паш етті. Нәтижесінде 2-сынып оқушысы Айсана мен әжесі Зару І орын иеленді. Зекен әже мен 3-сынып оқушысы Гүлім немересі І орынға ие болды. 4-сынып оқушысы Айша мен әжесі Несібелді ІІ орын алды. Саржан

әже мен Айзада немересі, Гүлімира әже мен Алинұр немересі «Ең дана» номинациясымен марапатталды. Бақыт әжесі мен Айханым немересі «Ең мейірімді» номинациясы бойынша марапат берілді. Сайыс соңы Айда Ысқақованың «Асыл әже» өнімі түйінделді.

Ж.САЙЛАУБАЕВА,
№18 жалпы білім беретін мектебінің аға тәлімгері ҚАРАҒАНДЫ

КГКП «Абайский многопрофильный колледж управления образования Карагандинской области» БИН 990140001665 соообщает о реорганизации в форме преобразования Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Абайский многопрофильный колледж управления образования Карагандинской области». Претензии принимаются в течении 2 -х месяцев со дня опубликования объявления по адресу: Карагандинская область, Абайский район, село Агродорок, улица Центральная 10.

ЖАРҚЫЛДАСЫН ЖАСЫНЫ

Аманжолдың Қасымы –
Адамзаттың асылы.
Менде сондай болам деп
Ойға аламын осыны.
Қалам алып, сөз жазам,
Жарқылдасын жасыны!
Дауылдай олең құйылысын,
Алшы түссін асығы.
Қасымдай болам мен-дағы,
Тулады, көңіл тасыды!
Абай атам айтқандай,
Болмасаң да ұқсап бақ
Мен – Елібай Қасымы!

Қасым ЕЛПАЙ,
Абай атындағы ЖББ мектебінің
2-сынып оқушысы
САРАН



Дайындаған
Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»



ӘКЕМНЕН ДАРЫҒАН ҚАСИЕТ

Мен Қарағандыдағы Ю.Павлов атындағы №35 жалпы білім беретін мектепте 3-сынып оқимын. Төрт жасымнан бастап би билеймін, ән айтамын. Әкем мен анам бойымдағы қабілетімді байқап, мені Әлихан Бөкейхан ауданындағы Қарақат мектебіне вокал және би үйірмесіне берді. Мен онда ән айту мен би билеуді үйреніп жүрмін. Устаздарым Жұлдызай Кенжеғұлқызы вокалдан, Дана Арманқызы биден сабақ береді. «Тәй, тәй басқан

балапан» деген республикалық фестиваль-байқауға қатысып, II орын алдым. Дипломдарым мен медальдарым өте көп. Менің әкем өнерлі. Ол – музыкант. Бойымдағы қабілетті – әкемнен дарыған қасиет деп білемін. Өскенде әнші, биші болғым келеді.

Инжу ТӨЛЕУТАЙ,
Ю.Павлов атындағы №35 ЖББ мектебінің 3-сынып оқушысы
ҚАРАҒАНДЫ



«Аққала»
Еркенур САЙРАН,
«Гүлдер» балабақшасы
ҚАРАҒАНДЫ



ЕҢ АЖАРЛЫ МЕЗГІЛ

Қыс – мезгіл ішіндегі ең ажарлысы. Қыста жауатын қар кең даланы ақ көрпеге орайды. Қарды басқанда сықырлаған дыбысы құлағыңның құрышын қандырады. Бұл мезгіл – балалық шақтың естелігі. Балалар қыста шанасын сүйреп, қарға аунап ойнайды. Қыс қызыққа толы. Ол сонысымен де барлығына ұнайды. Мен қыс мезгілін жақсы көремін.

Мүз айдына барамыз,
Асыр салып ойнаймыз.
Сырғанаймыз, зулаймыз,
Ойынға біз тоймаймыз.
Қыс мезгілі тамаша,
Қар жауып тұр далада.
Жарысады балалар,
Мүз айдында таласа!

Бексұлтан БЕЙСЕНБЕКОВ,
Жақып Ақбай атындағы негізгі орта мектебінің
2-сынып оқушысы
Ақтоғай ауданы



«БАР ҚЫЛЫҒЫҢ ТӘТТИ СЕҢІҢ»

Соңымнан ерген сіндім мені,
Бар қылығың тәтті сеңің.
Мен қуанып келсем үйге,
«Мен де сендей болам» делін.

Ақнұр АЙДЫН,
Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы-мектеп гимназияның
2-сынып оқушысы

АҚ КҮШІГІМ АЛЫСҚАН

Ақ күшігім алысқан,
Желмен бірге жарысқан.
Көп адамның ішінен
Таниды мені алыстан.
Көрмей қалсам сағынып,
Құшақтасып қауышам.

Меруерт ЖАҢАБЕРГЕНОВА,
№6 ЖББ мектебінің даярлық
сыныбының оқушысы
Осакаров ауданы



«Аяз ата»
Мәриям ҚАЛҚАМАН,
5 жас
«Ақтілек» балабақшасы
ТЕМІРТАУ



АЯЗ АТАҒА ХАТ

Мен қолыма қалам алып, сүйікті Аяз атаға хат жаздым.

—«Құрметті, Аяз ата! Қалыңыз қалай? Сізді жыл бойы күттім. Жылына бір рет, онда да тек қыста келесіз. Сондықтан, осы мезгілді асыға күтемін.

Биыл біз үшін берекелі жыл болды.

Сізден көп нәрсе сұрасам, бәрін әкеліп бермейтініңізді білемін. Өйткені, сыйлық күтетін менен де басқа балалар бар ғой. Олар да сіздің қолыңыздан сыйлық алғанды жақсы көреді. Сіз келеді деп, әкем екеуміз үйге шырыша құрып, әдемілеп безендіріп қойдық. Маған жаңа велосипед керек. Барлық балаға өз қалағанын берсеңіз, қуанып қалатыны сөзсіз.

—Ізетпен, Марғұлан».

Марғұлан САҒАТ,
Балалар жасөспірімдер
шығармашылық орталығының
«Қаламгер» жас тілші үйірмесінің
оқушысы
ҚАРҚАРАЛЫ



«Туған жер»
Әмір МҰХИТБЕК,
Қарақойын ЖББ мектебінің
даярлық сынып оқушысы
Нұра ауданы



Газеттің келесі саны
5 қаңтар,
бейсенбі күні шығады

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ІЕСІ:
«Saryarqa aqarat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
О.В. МЯКИХ
Директордың орынбасары
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА
Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСВКZKХ БИН 000840001412
№146 тапсырыс. Индекс 65484
Одсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік
орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №933 үй.

